



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№4 (644)
21 қаңтар,
Сәрсенбі
2026 жыл



Алты Алаштың баласы Сырда басын қосты. Алыстан ат төрлетіп, Алтай мен Атырау арасынан жиылған зиялылар елдің ертеңін ортаға салып, бүгінге баға берді. Ұлттық құрылтайдың түп-төркіні де сонда жатыр. Өткен жылғы жиында Мемлекет басшысы Алашқа ана, талайға пана болған Сырдағы астана атанғанымызға, қазақтай қастерлі ұлт атауын қайтарғанымызға ғасыр толғанын еске салған. Сол кезде-ақ келесі құрылтайдың Сырда болатынын бекіткен еді. Күні кеше көптен күткен сол ұлттық мәселелерді ортаға салар алқалы жиын Сыр топырағында өтті.

Ұлытаудан басталған Ұлттық құрылтайда ұтымды ұсыныстар мен шешімдер айтылып, маңызды бастамалар көтерілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев V Ұлттық құрылтайда «Сыр бойы нағыз еңбек адамдарының мекені» деп пікір білдірді. Мандайы күнге күйіп, табаны жерден нәпақа тауып, тер төккен еңбеккерлердің мекені екені рас. Бір ауылдан жүз шайыр шыкса, тағы бір ауылдан ондаған, жүздеген Еңбек Ері шығып жатыр. Бірі тарих қойнауына еніп кетсе, енді бірі – ел үшін еңбекте алдыңғы шепте.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ — ҰЛТ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА ҰЛЫ ІСТЕРДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА, 2026 ЖЫЛ

2-БЕТТЕ



«SERGEK» ПЕН «SUNQAR»-ДЫҢ ЕШ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Жол қозғалысы қауіпсіздігі – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселенің бірі. Кейінгі жылдары Қызылорда қаласында жол ережесін бұзу дерегімен қатар, оны бақылау тетіктері де күшейе түсті. Өткен жылы 368 890 әкімшілік хаттама рәсімделіп, оның 304 701-і жол қауіпсіздігі бойынша тіркелген.

Осындай заңбұзушылықтардың қатары көбеймес үшін 2026 жылдың қаңтарынан бастап қала көшелерінде жылдамдықты автоматты түрде анықтайтын жаңа «Sunqar» камералары іске қосылды. Құрылғыға қатысты қоғамда түрлі пікір мен сауал туды. «Камералар не үшін керек?», «Олар айыппұл салуға ғана бағытталған ба?», «2026 жылы жол ережелерінде қандай өзгерістер бар?» деген сұрақ көпшілікті алаңдатқаны жасырын емес.

Осы және өзге де маңызды сауалдарға жауап алу мақсатында біз Қызылорда ҚІПБ ӘІПБ ІІПБ командирінің қызмет жөніндегі орынбасары, полиция майоры Самат Қадіровпен сұхбаттасқан едік.



4

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ:

ДЕҢГЕЙ ҚАНДАЙ, БАҒЫТ ҚАЙСЫ?

Балалық – адам жадындағы ең мөлдір, ең таза әлем. Сол әлемге алғашқы сөзді сыбырлап, алғашқы ойды ұялататын, алғашқы арманды оятатын құдірет – балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиеті – жай ғана мәтіндер жиынтығы емес, ол – ұлттың мінезін бала жанына дарытқан рухани тәрбие мектебі, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан мәдени сабақтастықтың алтын көпірі.

Қазақ балалар әдебиетінің тарихы қағаз бен кітаптан бұрын басталған. Яғни ол бесік жырынан, ананың әлдінен, әженің кешкі ертегісінен тарайды. Бала алғаш естіген сөзін өлең ырғағымен қабылдайды, алғаш таныған әлемін қиял арқылы көреді. Халық ертегілеріндегі алыптар мен диюлар, тапқыр Тазша бала мен Алдар көсе – тек кейіпкер емес, ұлт санасының көрінісі. Бұл образдар арқылы бала жақсылық пен жамандықты айыра біледі, әлсізді қорғауды, әділет үшін күресуді үйренеді. Ауыз әдебиеті – қазақ балалар әдебиетінің мәңгілік рухани өзегі.



3



ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ ТҮЙІНІ

Жылқы жылы басталғанына көп бола қойған жоқ. 2026 жылы жанкүйерлердің жүйкесін ширықтыратын жарыстар, тағдыр шешті кездесулер мен күтпеген нәтижелер көп болмақ. Халықаралық ареналарда бәсеке күшейіп, жарыстардың көрігі қыза түсетіні анық.

Бұл жыл спортшылардың дайындығы мен мінезін ғана емес, жанкүйерлердің тәзімі мен сенімін де сынайтын кезеңге айналмақ. Ендеше, биыл әлем жұртын спортта қандай тың жаңалық күтіп тұрғанын саралайық.

7-БЕТТЕ



ҚАРАҚАТ АМАН: ТӘУЕКЕЛ ЕТКЕН АДАМ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ АЙҚАРА АШЫЛАДЫ

Шетелде білім алу – көптің арманы. Мұнда тәжірибе алмасып, мінезді де, білімді де ұштауға болады. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – болашақ математика пәнінің мұғалімі Қарақат Аман. Ол – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті.

Қарақат жақында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польшаның белді оқу орындарының бірі – Лодзь университетінде бір семестр бойы білім алып қайтты. Еуропалық білім беру жүйесінің ерекшелігі неде? Болашақ математикке шетелдік тәжірибе не берді? Қарақатты әңгімеге тарттық.

5-БЕТТЕ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АДАМ ЕҢБЕГІН АЛМАСТЫРА АЛА МА? 5

Басы 1-бетте

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЛТ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА ҰЛЫ ІСТЕРДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



– «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл ел біледі. Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан жүзге жуық еңбек адамы шыққан. Аты мәшһүр ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевты ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы сөз арасында Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатқанын айтып, облыстың дамуын жоғары бағалады. Мысалы, өткен жылы аймақтың жалпы ішкі өнімі 6,5 пайызға өссе, 3 жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылған.

– Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығының іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу электр орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі, облыс тұрғындары сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы «көгілдір отынды» пайдаланады. Елді мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар аймақтағы автокөлік жолының сапасы жақсы жағдайда екенін айтты. Бұл ретте елде алдыңғы қатардамыз. Тіпті көрші аймақтың тұрғындары да тамсанатынын талай айтқан. Сырт көз демде байқайтын бір жетістігіміз – осы.

– Облыстық әуе және теміржолы жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата терминалының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 теміржол бекетін жаңғырту басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі, – деді Президент.

Құрылтайда айтылған маңызды үндеулерге тоқталсақ, Мемлекет басшысы Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдады. Ал арнайы Жарлыққа бұрын қол қояды. Негізінен бастапқы жоспар – Парламенттік реформа аясында Ата заңның 40-қа жуық бабын өзгерту. Алайда жұмыс барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені белгілі болған. Мұндай ауқымды өзгерісті Президент: «2022 жылғы реформада Ата заңның 33 бабы жаңартылып білесіздер. Ал, ендігі өзгерістер одан да ауқымды. Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен қана-пар қадам жасағалы тұрмыз. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақытты белгілейміз», – деп түсіндірді.

Сонымен қатар Президент бір палаталы Парламентке көшу жайлы бастаманы халық қолдап отырғанын жеткізіп, оны «Құрылтай» деп атауды ұсынды. Бұл атау тарихи мағынаға не және мемлекет институтының символы. Мұнан бөлек Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс айтылды.

– Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма заңда нақты

белгіленуі қажет, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Экология мәселесі де назардан тыс қалмады. Сәуірде Астанада халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттердің басшыларымен Арал мәселесі талқыланады. Осы орайда Мемлекет басшысы Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашатынын айтты. Сырбойылықтар үшін тағы да бір маңызды шешім – Мемлекет басшысы «Қызылорда-Ақтөбе» жолын кеңейтуге тапсырма берді. Ал мәдениет саласына келер болсақ, Қызылордада жаңа драма театр, ұлттық кітапхана салынбақ.

Жақында бұқаралық ақпарат құралдарында 21 жастағы бойжеткеннің өлімі жайлы ақпарат тарайды. Мемлекет басшысы бұл мәселені де назарға алды.

– Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті. Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, қокан-лоқсы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді.

Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды. Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп – бәріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс, – деді Президент.

Иә, Ұлттық Құрылтай 20 қантарға белгіленгенімен, бір күн бұрын Сыр елінің бас қаласы Қызылорда елдік мүдде таразыға түскен маңызды алаңға айналды. Төрт түрлі бағыт бойынша төрт түрлі тақырыпты қамтыған секция отырысы таңнан кешке дейін жалғасып, мазмұнды пікір алмасуларға жол ашты. Құрылтай жұмысы алғашқы күннен-ақ нақты ұсыныстар мен салмақты ойлардың тоғысқан тұсы болды. Себебі секция отырыстарына елдің түпкір-түпкірінен келген 100-ден аса құрылтай мүшесі қатысып, 70-ке жуығы сөз сөйлеген. Қоғамның тамырына қан жүгіртетін бастамаларды ортаға салып, бас-аяғы 200-ден астам ұсыныс айтылды.

Алдымен түске дейінгі уақыт «Әлеуметтік-мәдени даму» мен «Білім және ғылым» тақырыптарына арналды. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау, рухани әлеуетті арттыру, білім мен ғылымды заман талабына сай дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Секция отырысында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева еліміздегі кітапханалардағы балалар әдебиетіне қатысты қордаланған мәселені ашық көтерді. Оның айтуынша, кейінгі жылдары кітап саны артқанымен, мазмұн сапасы мен сұраныс арасындағы алшақтық әлі де жойылмаған. Министрдің сөзінше, тәуелсіздік жылдарында кейбір авторлардың еңбектерінің атауы өзгертіліп, бірнеше мәрте қайта басылыммен, балалардың қызығушылығын оятып, өз еркімен іздеп жүріп оқитын тың шығармалар тым аз.

– Балалар өзі оқығысы келіп, іздеген кітабын таба алмайды. Бала-

лардың кітапқа қызығушылығын арттырғымыз келеді, бірақ олардың сұранысын қанағаттандыратын әдебиеттер аз. Бұл – ашық айтыуымыз керек шындық, – деді министр.

Әрі «кітап оқитын ұлт» қалыптастыру мәселелері көтерілді. Осы орайда Қызылорда медициналық колледжінің кітапханашысы Феруза Жанаевамен байланысқа шығып, аз-кем пікірлестік. Оның айтуынша, әрбір кітапхананың негізі – оның кітап қоры. Кітап қоры жақсы қалыптасқан кітапханада, әр оқу жылында оқырман саны артып, оқуға деген сұраныстар күшейеді.

– Кітапханашының басты мақсаты – кітапты ұсынбастан бұрын бала бойындағы қызығушылықты ояту. Қызығушылық болған жағдайда ғана балалар өзінің сүйікті кітабы мен жазушыларын тауып алары сөзсіз. Кітапханашы үшін оқырман



тек статистикалық цифр ғана емес, ол жан-жақты, өзінің айқын мақсаты бар оқырман. Қазақстандағы жас оқырмандар фантастика, комикс және көркем әдебиет жанрларын жиі тандайды. «TikTok»-та «#BookTok» сияқты флешмобтар жастардың оқуға қызығушылығын арттырып, әлеуметтік желідегі трендті кітаптарды оқуға ынталандырады, – дейді кітапханашы.

Ал Білім-ғылым секциясында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «AI-Sana» бағдарламасы аясында 100 мың студент жасанды интеллектінің терендетілген алгоритмдерін меңгеретінін хабарлады. «AI-Sana» бағдарламасы былтырдан бері жүзеге асып келеді. Осы күнге дейін 668 мың студент оқыған.

Өңірлік хабтардың да осы бағдарлама төңірегіндегі жетістіктері аз емес.

– Иә, республика бойынша «AI-Sana» бағдарламасы жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда бағдарламаның екі легі жүзеге асты. Алғашқы легінде білім алушылар базалық курс оқып, білімін жетілдірді. Қызылорда облысы бойынша 18 мыңға жуық жас білім алды. Алдағы уақытта тағы екі лек іске қосылып, қатысушылар арнайы технологиялық-кәсіпкерлік бағытындағы оқу оқиды. Сонымен қатар ЖИ бағытындағы стартап жобаларды құру мен жүргізу жұмыстары басталады, – дейді өңірлік Кузылорда Hub орталығының жетекшісі Жанарыс Тубекбаев.

Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің хатшысы, Ұлттық құрылтай мүшесі Олжас Сүлеймен «Білім және ғылым» секциясында жастарға қатысты мәселелер, атап айтқанда, білім сапасын арт-

тыру және білім беру саласындағы өзгерістер талқыланғанын айтады.

– Қазіргі таңда мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларда, әсіресе математика және басқа да пән бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Сондай-ақ робототехника саласында Қазақстанның төрт дүркін әлем чемпионы атануы – кез келген елге бұйыра бермейтін үлкен жетістік. Мемлекет басшысы бұл жастарды қабылдап, қолдау білдіріп жатыр. Алайда өңірлерде осындай жетістікке жеткен жастарды спортшыларды қарсы алғандай салтанатпен қарсы алып, қоғамға кеңінен таныстыру қажет, – деді ол.

Осылайша, таңғы секциялар күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бетін ашып, келесі талқылауларға берік негіз қалады. Ал түстен кейін Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаевтың жетекшілігімен құрылтай жұмысы жаңа арнаға түсіп, назар азаматтық қоғам мәселесі жайында болды.

Ал экономикалық даму жөніндегі отырыста ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин былтыр ел экономикасы тұрақты болғанын айтты. Өткен жылы ЖІӨ 300 миллиард АҚШ долларынан асса, жан басына шаққанда шамамен 15 мың АҚШ долларына жеткен. Жауапты мамандар экономиканың өсу қарқыны 6,5% екенін мәлімдеді. Ал бұл – 2022 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш.

Алдағы жоспар, яғни басты міндеттің бірі – инфляцияны тұрақтандыру және төмендету. Себебі былтыр елде жоғары инфляциялық қысым байқалған. Мысалы азық-түлік тауарларының бағасы 5,5, азық-түлік

блика күні ұлттық мереке ретінде бекітіліп, Түркістан қаласына ерекше мәртебе берілді. Сондай-ақ вейптерге тыйым салу, лудоманияға қарсы шектеулер қою, БАҚ туралы жаңа заң, онлайн-платформаларды реттеу қолға алынды, ғылым мен білім заңнамасына түзетулер, Мемлекеттік наградаларды стандарттау, «Ай-бын» орденіне батырлар есімін беру, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру бойынша заңдар қабылданды. Сонымен қатар құрылтай шешімімен бірнеше кешенді жоспар мен бағдарлама іске асырылуда. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы енгізіліп, Ұлттық кітап күні белгіленді, Яссауи мұраларын зерттейтін ғылыми орталық құрылып, «Әзірет Сұлтан» қорығына ұлттық мәртебе берілді. Нашақорлыққа, лудоманияға қарсы және волонтерлікті дамытуға арналған 2026 жылға дейінгі жол карталары әзірленді. Ал Бурабайдағы жиыннан кейін Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 53 тармақтан тұратын арнайы жоспар бекітілген. Құрылтай бастауларын жүзеге асыру барысында Парламент депутаттарының қолдауымен былтыр 6 заң қабылданды.

В Ұлттық құрылтайда Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бала құқығын қорғаудағы шаралар бір арнаға тоғыстырылып жатқанын айтты.

– Ғылым және білім, бала құқықтарын қорғау саласында маңызды бастамалар қолға алынды. Жақында ғылыми қалашықтар құру және дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Мектептердегі аралық замануи тәрбие бағдарламасы жетілдірілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарламасы әзірленді. Балалардың құқығын қорғау бағытындағы шараларының бәрі енді осы құжатқа біріктірілді, – деді Ерлан Қарин.

Сондай-ақ ол, жуырда Үкімет қаулысымен нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі жаңа кешенді жоспар қабылданғанын атап өтті.

– Өткен жылдың қараша айында Президенттің Жарлығымен ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Бұл құжат – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ішкі саясат саласын жүйелейтін алғашқы тұжырымдамалық құжат. Оны әзірлеуге құрылтай мүшелері, сарапшылар ерекше аталысты, – деді Мемлекеттік кеңесші.

Құрылтайда қолына қалам ұстаған қадірлі мамандық иелерінің де мәселесі көтерілді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, жұртшылықты шынайы әрі нақты ақпаратпен жедел қамтамасыз етіп отырған әріптестеріміз де Мемлекет басшысына ұсыныс айтты. Бұл қатарда «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының директоры Қарлығаш Жаманқұлова да бар.

– Президент мырза, БАҚ-ты қолдауыңызды сұраймын. Сырттан келетін ақпарат көлемі күн сайын артып келеді. Ал адамның оны түсініп, сараптау мүмкіндігі шектеулі. Сол оқиғалардың наративтерін өзіміз айқындай алуымыз керек. Түсіндіру логикасын өзгелер емес, өзіміз белгілеуіміз қажет. Сонымен қатар медиасауаттылықты жүйелі түрде күшейту керек. Медиасауаттылық – қоғамды сыртқы ақпараттық манипуляциялардан, қауіптерден қорғаудың құралы. Медиа сауаты бар азамат әлеуметтік желідегі жалған сөзге тәуелді болмайды. Осыған қоса, отандық БАҚ пен кәсіби журналистиканы қолдау маңызды. Шынайы, сапалы ақпаратқа сұраныс азайған жоқ. Отандық БАҚ бірқатар қиындыққа қарамастан өз жұмысын жемісті жалғастырып келеді. Осы орайда, Президент мырза, БАҚ-ты қолдауыңызды сұраймын, – деді ол.

Ұлттық құрылтай – ұлт мүддесі жолында ұлы істердің ұйытқысы. Сөз басында айтқанымыздай, осыған дейін болған әрбір құрылтайдың жемісті нәтижелерін көріп келеміз. Мемлекет басшысы қоғамдағы маңызды мәселелерді тілге тиек етіп, елдің ертеңі жолында не істеуіміз керек деген тақырыпқа бағыт пен бағдарды айқындап берді. Ендігі мақсат – осы бағыттағы қадамдардың қарқынын күшейту.

Әлия ТӘЖІБАЙ,
Суреттерді түсірген
Нұрбол НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетме

Балалар жазба әдебиетінің есігін қазақ даласында алғаш ашқан – Ыбырай Алтынсарин. Ол туындылары арқылы бала санасына жарық түсіруді мақсат етті. Ыбырай шығармаларында күрделі философия жок, бірақ терең адамгершілік бар. Ол баламен үлкен адамша емес, баланың өз тілімен сөйлей білді. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі мен оқу құралдары қазақ баласының тілдік ойлау жүйесін қалыптастырды. Мағжан Жұмабаев болса, баланың ішкі жан дүниесіне үңіле отырып, тәрбиенің нәзік табиғатын түсіндірді. Бұл кезеңде балалар әдебиеті ұлтты сақтаудың, сананы оятудың құралына айналды.

Кенес кезеңінде қазақ балалар әдебиеті жаңа сипатқа ие болды. Бұл дәуірдің басты жетістігі – баланы «тәрбиеленуші объект» емес, өз ойы, өз мінезі бар тұлға ретінде көрсету. Бердібек Соқпақбасвтың «Менің атым Қожасы» – соның айқын дәлелі. Қожа – мінсіз емес, бірақ шынайы. Ол күлдіреді, ойға жетелейді, кейде ашуландырады. Бірақ дәл осы қасиетімен ол мыңдаған баланың жүрегіне жол тапты. Мұзафар Әлімбаев балалар поэзиясына ұлттық юмор мен нақыш енгізсе, Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдері жеңіл оқылуы һәм терең ой айтуымен ерекшеленді. Бұл кезең қазақ балалар әдебиетінің алтын қоры қалыптасқан уақыт еді.

Балалар поэзиясы – әдебиеттің ең нәзік жанры. Ол артық сөзді көтермейді, жасандылықты кешірмейді. Қазақ балалар өлеңдері табиғатпен, тұрмыспен, ұлттық мінезбен етене жақын. Санамақ пен тақпақ, жаңылтпаш пен жұмбақ – баланың тілін ғана емес, ойлау жүйесін де жетілдіреді. Өлең арқылы бала әлемді сезінеді: жаңбырдың дыбысын, желдің мінезін, күннің жылуын. Қазақ балалар поэзиясы – баланың ішкі музыкасын қалыптастыратын рухани әуен іспетті.

Тәуелсіздік жылдары қазақ балалар әдебиеті ұлттық тамырға қайта үңілді. Батырлар бейнесі, тарихи тұлғалар, салт-дәстүр, ата-баба аманаты балалар шығармаларының өзегіне айналды. Бұл кезеңде әдебиет идеологиялық шектеуден босап, еркін тыныстауға мүмкіндік алды.

Бүгінде қоғам өзгерді, баланың ортасы өзгерді. Қала өмірі, мектептегі қарым-қатынас, технология мен ақпарат ағыны балалар әдебиетінде көрініс таба бастады. Бұл – әдебиеттің өмірден алыстамай, баламен қатар жүруінің белгісі. Бүгінгі қазақ балалар әдебиеті күрделі кезеңді бастан өткеруде. Бір жағынан жаңа авторлар, жаңа форматтар пайда болғаны да әсер етеді. Екінші жағынан, кітап оқу мәдениетінің әлсіреуі, шетелдік өнімдердің басымдығы байқалады. Соған қарамастан, балаларға арналған сапалы дүниелерге деген сұраныс жоғалған жоқ.

Жуырда Алматы қаласында балаларға арналған әдеби кітаптарды таныстыруға арналған маңызды мәдени іс-шара өтті. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы жанындағы балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесі «Балалар әдебиеті: креативті индустрия, имидж, бренд» атты панельдік сессиясын ұйымдастырды. Бұл шараға акын-жазушылар, жас қаламгерлер, әдебиеттанушылар және кітапхана оқырмандры қатысты.

Панельдік талқылаудың басты мақсаты – қазіргі балалар әдебиетінің даму бағытын сараптау, оның жанрлық ерекшеліктері

мен жаңа үрдістерін айқындау, сондай-ақ әдебиетті мәдени және креативті индустриялармен байланыстыру мәселелерін жан-жақты қарастыру. Іс-шара қатысушылары балалар әдебиетінің бүгінгі болмысы мен болашағын талдап, дәстүр мен инновация тоғысындағы тың идеяларды ортаға салды.

Кездесу барысында «Балалар әдебиетінің бағбандары» сериясымен жарық көрген таңдаулы туындылар көпшілікке таныстырылды. Олардың қатарында Өтепберген



Ақылбекұлы, Тоқаш Бердияров, Бейбіт Қойшыбаев, Серікбай Оспанұлы, Нұрдулет Ақыш және Бейсебай Кірісбайұлының шығармалары бар. Сонымен қатар «Балалар кітапханасы» топтамасы аясында Қуандық Түменбай мен Сәуле Досжанның жаңа кітаптары оқырман назарына ұсынылды.

Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесінің төрағасы Елдос Тоқтарбай кейінгі бес айда атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, жас авторларды қолдау, әдеби процесті жүйелі түрде мониторингтеу және балалар әдебиетінің сапасын арттыруға бағытталған бастамалардың нәтижелерімен бөлісті. Мұндай панельдік сессиялар қазақ балалар әдебиетінің рухани кеңістігін жаңғыртып, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайтуға, дәстүр мен заманауи шығармашылық идеяларды тоғыстыруға мүмкіндік береді. Бұл жиын тек қана кітап таныстыру емес, балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің дамуына жаңа серпін беретін мазмұнды мәдени диалог алаңына айналды.

Тақырыбымыздан ауытқымай, аталған бағытта былтыр атқарылған жұмыстарға назар салып көрелік. 2025 жылдың орта тұсында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов Балалар әдебиеті кеңесінің мүшелерімен кездесу өткізген болатын. Жиында мектеп кітапханаларын жаңғырту, 1-сыныпқа баратын оқушыларға балалар жазушыларының сөз сапар тілектерін жолдау, жас қаламгерлер буынын қалыптастыру сияқты маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ «Өркен» қоғамдық қорының өткен жылы ұйымдастырған «Алматының жас жазушысы – 25» байқауы да сөз болды. Қаламгерлер бұл жобаны тек қана ел ішінде емес, алдағы уақытта халықаралық деңгейге шығару қажет екеніне тоқталды.

Сонымен қатар Жазушылар одағының барлық өкілдіктерінің балалар әдебиетін дамытуға белсенді қатысуы ерекше атап өтілді. Балалар әдебиетін насихаттаудың жаңа

қадамы ретінде халықаралық «Ер Төстік» сыйлығы тағайындалатыны да айтылды. Бұл сыйлық балалар әдебиетінің шығармашылық әлеуетін тануға және жас авторларды қолдауға арналған маңызды бастама болып отыр.

Жазушылар одағы құрамында Балалар әдебиетін дамыту жөніндегі арнайы комиссия құрылып, оның төрағалығына Мәди Нүсіпбаев тағайындалса, кеңес мүшелерінің бір ауыздан қолдауы нәтижесінде Балалар әдебиеті кеңесінің жаңа

Бүгінгі қазақ балалар әдебиетіндегі ең негізгі мәселе – балалар әдебиеті бойынша шығып жатқан кітаптардың баспа-полиграфиялық сапасы жоғары болуы керек, – деді Балалар әдебиеті кеңесінің басшысы Елдос Тоқтарбай.

Рас, бүгінгі бала визуалды ортаға үйренген «альфа-ұрпақ». Олар үшін мәтіннен бұрын иллюстрацияның сапасы маңызды. Өкінішке қарай, көп кітаптағы суреттер ескі стильде, шрифтері кішкентай, макеттер ауыр, мультимедиялық нұсқалары

басшысы ретінде балалар жазушысы, алаштанушы, жігерлі жас қаламгер Елдос Тоқтарбай бекітілді.

Осынау шаралар қазақ балалар әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, жаңа буын авторларды қолдауға, мектептерде әдеби ортаны нығайтуға және балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған нақты қадам ретінде өз нәтижесін көрсететіні күмәнсіз.

Ізінше жаздың аяғын ала Қазақстан Жазушылар одағы Балалар әдебиеті кеңесінің басшысы Елдос Тоқтарбай Сыр өңіріне ат басын бұрды. Сапар барысында ол «Жастар театры» ұжымымен келісім жасап, меморандумға қол қойды. Театр басшысы Нұрмат Мансұров: «Алдағы уақытта Жазушылар одағы ұсынған балаларға арналған шығармалар Қызылорда «Жастар» театрының көркемдік кеңесінде талқыланып, кезең-кезеңімен сахналанатын болады» деп мәлімдеді.

Бұл келісім балалар әдебиетінің сахнадағы көрінісін дамытуға, жас көрермендерді әдеби шығармамен таныстыруға және қазақ әдебиетін театр өнерімен байланыстыруға тың мүмкіндік береді. Елдос Тоқтарбайдың сапары шығармашылық ынтымақтастықты арттыруға және аймақтық деңгейде балаларға арналған мәдени жобаларды кеңейтуге бағытталған маңызды қадам екені айқын.

Тағы бір қуантатын жайт, 2025 жылы «Аманат» партиясы дәстүрлі «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауын алтыншы рет өткізді. Байқау ұлы акын, ағартушы, философ, ұлт рухының темірқазығы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналды.

Әдеби конкурсқа қатысушылар әртүрлі жас категориялары мен жанрларбойыншаөзшығармаларын ұсынды. Бір ерекшелігі, дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан балкауда «Балаларға арналған шығарма» аталымы да бар. Бұл тармақ жас қаламгерлерге арналған шығармашылық алаң ретінде жыл сайын ерекше мәнге ие болып келеді.

Алтыншы рет ұйымдастырылған байқаудың нәтижесінде аталған номинация бойынша бірінші орынды Тараз қаласынан Нұрбек Нұржанұлы еншілессе, екінші орын астаналық Айдана Сегізбайға, үшінші орын Шығыс Қазақстан облысынан акын Құралай Омарға табысталды. Осынау байқау да бүгінгі балалар әдебиетін дамытуға, жас авторлардың шығармашылық әлеуетін қолдауға бағытталған маңызды мәдени жоба болып отыр.

– Балалар әдебиеті – ұлт әдебиетінің ірі қазынасы. Сол қазынамызды жас оқырмандарға жеткізуіміз қиындау болып тұр.

жок. Сол себептен қазіргі балалардың сұранысына жауап бере алмай отырғанымыз жасырын емес.

Елдос Нүсіпұлы балалар әдебиетіндегі тағы бірнеше мәселеге тоқталып өтті. Айтуынша жазушы қазақ балалар әдебиеті цифрландыруда артта қалып отырғанына қынжылады. Аудиокітап, подкаст, веб-комикс сияқты форматтар дамымаған, AR/VR технологиясын қолданатын интерактивті шығармаларды кездестіру қиын. Қазақ балалары Wattpad пен TikTok-та уақыт өткізсе, біздің әдебиетіміз әлі қағазда тұр. Яғни, қазақ тіліндегі контенттің цифрлық ортаға енуі тым баяу екенін айтып дабыл қақты.

Сондай-ақ қаламгер қазақ әлемінің мифтік және фольклорлық мұрасы бай болса да, бұл «жауһарларды» халықаралық аренаға шығарудың қиындығын және қазіргі қазақ балалар әдебиетінде ірі, заманауи кейіпкер жоқ екенін атап өтті.

– Бұрынғы әдеби мұрадағы батырлар мен ертегі кейіпкерлері болғанымен, қазір заманауи «суперқаһармандар» жоқ. Бала өзін кейіпкермен салыстыра алмайды. Pokémon, Harry Potter, Frozen сияқты кейіпкерлер қарадомалақтардың жүрегін жаулады. Ақиқатында, қазақ балалар әдебиеті әлемдік kids-контенттен артта қалды. Балаға арналған шығармаларға мультимедиялық интеграция жетіспейді.

Қазақстанда шетелге әдеби өнім шығару үшін тұтас әдеби-индустриялық экосжүйе жоқ. Шетел түгiлi елiмiздегi кiтап сату нарығы мен тарату жүйесінің сапасы сын көтермейді. Бұл мәселелер шешілмейінше, балалар әдебиетінің насихаты да дамымайды, – дейді қаламгер.

Қазіргі балалар әдебиетінің басты міндеті – баланы тек қызықтыру емес, оның жанын жоғалтпау. Технологиямен жарысу емес, адамдық құндылықтарды сақтап қалу. Туынды бүгін үшін емес, ертең үшін жазылады. Бала оқыған әрбір кітап оның болашақтағы таңдауына, көзқарасына әсер етеді. Сол себепті балаларға арналған әрбір шығармаға жауапкершілікпен қарау қажет. Оған түсірілген әрбір ой, әрбір сөз – ұлттың болашағына жазылған хат. Ал сол хаттың мазмұны қандай болса, ертеңгі қоғамның да болмысы сондай болмақ.

Балалар әдебиеті – балалықтың бояуы ғана емес, ұлттың жаны. Ол ұрпақты тәрбиелейді, тілін сақтайды, рухын биіктетеді. Ал бұл салаға немқұрайлы қарау – болашаққа немқұрайлы қараумен тең емес пе?! Балаларға жазылған әрбір шынайы шығарманың ұлтқа жасалған қызмет екенін ұмытпаған жөн.

А.МАРАТҚЫЗЫ

Алматыға

Сараласақ қала өткен өткелді, Талай ғасыр бұрынғыны, өткенді, Іле Алатау бойын бойлап сақ-үйсін, Мекендегті болған бұрын көшпенді.



Келер қала сырларыннан тербедім, Куә болып бар көзіммен көргенім. Жазайыншы, жырымменен саралап, Қаламыздың көрікті, әсем жерлерін.

Атап айтсақ, тарихына қаланың, Екі жарым ғасыр келіп жетіпті. Қозыбасыда құрып хандық, қазағым, Отырықшы өмірге де жетіпті.

Жібек жолы бойында орналасып, Көрген талай тарихтың тайталасын. Кезінде «Верный» болған, арман қала, Жетпіс жылдай бопты қазақ астанасы.

Орналасқан Іле-Алатау жотасында, Құрлығы боп Еуразия ортасында. Іле Алатау ұлттық бағы, қорықтар бар, Мол тарих ізі жатыр, тау-тасында.

Кіші, Үлкен Алматы өзендері, Көкөбесі тіпті көркем, әсем жері. Панфиловтай саябағы, мәңгі алауы, Талай асыл тұрған, өлмес есімдері.

Қастеевтей естелік, мұражайлар, Тәуелсіздік монументі мұңдайлады. Медеу атты мұз айдынын әлем білер, «Достықта» көресің сен ұлы Абайды.

Алатауы аспанға асқақтаған, Айрықша көрінеді ыстық маған. Жылшырай көрсетер келген жанға, Алматыға ең алғаш басқан қадам.

Қала бұл, шаңырағы биік тұрған, Бойына бар жақсылық сынып тұрған. Егемен еліміздің белгісіндей, Мекені бүгін жанның арман қуған.

Айқындаған тұлғасымен ел келбетін. Паш еткен сұлулығы мен сәулетін. Болашаққа аяқ басқан, сенімменен, Аса берсін, табыс, ырыс-дәулетін!

Арал жағасында

Толқыныңнан жаралған, Көктегі күннен нәр алған. «Ақұдай» атын және алған, Бала едім, шыққан Аралдан.

Бақалшақ теріп жағаннан, Түбіннен балық таба алған. Алыстап қанша кетсем де, Аралдық болып саналған.

Тастаған тиын түбінде, Тереңінде жылтырар. Жайдары жаздың күнінде, Кірпікте аппақ құм тұрар.

Тұла-бой, денең тұздалып, Ашыған тұздан сызданып. Жағалап жаға жүгірсен, Жататын ирең із қалып.

Жағалай құмтас тұратын. Сол кезде биік көрінген. Тауымыз еді шығатын, Шағала тесіп, өрілген.

Жолдарым тарам-тарам болып, Толкымен жүзіп, ойнайтын. «Қайда екен балам деп?», Уайымдау деген болмайтын.

Ыстық құмға оранып, Қыздырынып жататын. Қайтатын үйге кез болып, Қызара күн де бататын.

Жейлені сығып, су болған, Дымқылдау көйлек ту болған. Жабысқан алып шалаңды, Денеңді қағып құм болған.

Келетін едік асығып, Шаңыраққа ашығып. Шыны кесіп қанаған, Жараны қолмен жасырып.

Еске алдым асыл Аралды, Жетпіске жасым жеткенде. Балалық шақты бірге алып, Теңізім ұзап кеткен бе?..

Әбдіғали ҚОЯНБАЙ





Басы 1-бетте

– Самат Темірбекұлы, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы айтып берсеңіз. Көбіне қай бағытта жиі кездеседі?

– Әкімшілік құқық бұзушылықтар қоғам өмірінің барлық саласында кездеседі. Алайда құқық қорғау органдарының күнделікті тәжірибесіне сүйенсек, ең жиі тіркелетін заңбұзушылықтар жол қозғалысына тікелей қатысты. Әсіресе белгіленген жылдамдықты асыру, қауіпсіздік белдігін тақпау, жаяу жүргіншіге жол бермеу секілді әрекеттер тұрақты түрде анықталып отырады. Бір қарағанда, мұндай ережелерді бұзу ұсақ-түйек болып көрінуі мүмкін, алайда олардың әрқайсысы жолдағы жалпы қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіреді. Көп жағдайда дәл осындай немқұрайлық пен жауапсыздық ауыр жол-көлік оқиғаларына әкеліп, адам өміріне қатер төндіреді. Сондықтан бұл бағыттағы құқықбұзушылықтар полицияның ерекше бақылауында болып, олардың алдын алу басты міндеттердің бірі.

– 2026 жылы жол ережелеріне өзгерістер енгізілді ме? Қандай?

– Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жол жүрісі қағидаларына бірқатар жаңа өзгеріс пен толықтырулар енгізді. Бұл жаңашылдықтар 2025 жылдың 23 қарашасынан бастап күшіне еніп, қазір еліміздің барлық өңірінде қолданысқа енді. Қабылданған өзгерістердің негізгі мақсаты – жолдағы қауіп-қатерді азайтып, адам өмірін сақтауға бағытталған алдын алу шараларын күшейту.

Енгізілген түзетулердің бірі елді мекендер аумағындағы жүк көліктерінің қозғалысына қатысты. Атап айтқанда, жүк көліктері үшін рұқсат етілген ең жоғары жылдамдық сағатына 50 шақырыммен шектелді. Бұл шешім ірі көліктердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, сондай-ақ тұрғын аймақтардағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ауа райы қолайсыз кезеңдерде, яғни боран, тұман, қар немесе нөсер жаңбыр кезінде колоннамен жүру тәртібі нақтылана түсті. Мұндай жағдайларда полиция қызметкерлері мен жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері айқын белгіленіп, өзара жауапкершілік күшейді. Бұдан бөлек, жолдағы бақылауды тиімді жүргізу мақсатында полиция қызметкерлеріне жол жиегінде тұрып, ала таяқ арқылы көлік тоқтатуға қайтадан рұқсат берілді. Бұл өзгеріс жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам саналады.

– Кейінгі жаңалықтарға тоқталсақ, 2026 жылдың қаңтарынан бастап Қызылорда қаласының көлемінде жылдамдықты анықтайтын бірнеше камера орнатылды. «Sunqar» камерасы туралы толығырақ айтып өтсеңіз. Оның «Sergek»-тен айырмашылығы қандай?

– Қызылорда қаласы мен оның төңірегінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында ауқымды шаралар жүзеге асырылып келеді. Сол бағытта 2025 жылы бірнеше мобильді кешен сатып алынып, қала көшелерінде орнатылды. Бұл құрылғылар жолдағы тәртіпті бақылауға,

құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2026 жылы жүйе одан әрі кеңейіп, «Sunqar» камералары іске қосылды. Сонымен қатар қалада 70-80 құрылғы автоматты режимде жұмыс істейтін болып, жалпы есепте 1400 бейнебақылау камерасы қызметке берілді. Бұрын қаламызда «Sergek» камерасы 2024 жылы пилоттық, яғни сынақ режимінде жұмыс атқарған еді.

Айта кететін тағы бір жәйт, облысымыздың басқа аймақтарында да түрлі бейнебақылау және мобильді кешендер бар. Олардың барлығы бір-бірімен үйлесімді жұмыс істеп, қаланың әр түкпірін қамтуға бағытталған. Жүйенің кеңейі мен техникалық жетілдірілуі азаматтарға жол қозғалысы тәртібін сақтау қажеттігін ескертіп қана қоймай, жолдағы қауіпсіздіктің жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Халық арасында «Sunqar» камерасына қатысты сұрақ пайда болғаны белгілі. Алайда атап өтейін, «Sergek» және «Sunqar» камераларының ешқандай айырмашылығы жоқ. Ол тек мемлекеттік сатып алу жұмыстары және техникалық ерекшеліктеріне сәйкес тиісті заңнама талаптары бойынша тендерімге алынатын дүние.

Сонымен қатар қала көшелерінде жылдамдықты өлшейтін камералармен жабдықталған патрульдік көліктер де қызмет атқарады. Соның бірі – «Ekin Patrol» жүйесі. Бұл – полиция көлігінің төбесіне орнатылған ақылды мобильді жүйе. Ол көліктің жылдамдығын өлшейді, мемлекеттік нөмірлер мен бет-әлпетті таниды, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын нақты уақыт режимінде тіркеп, іздеудегі көлік құралдарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазір қалада осындай 12 көлік және жасырын камерасы бар 3 қызметтік көлік жұмыс істеп тұр.

Жаңа камералар орнатылған көшелерді атап өтсек, Қорқыт Ата көшесіндегі «Арсенал» сауда үйі маңында рұқсат етілген жылдамдық сағатына 60 шақырымнан аспауы тиіс. Сол сияқты Жаппасбай батыр көшесінің 175 «Б» үйі тұсында жүргізушілер сағатына 40 шақырымнан артық жылдамдықпен қозғала алмайды. Сондай-ақ бұл камера 24/7 режимде жұмыс істейді.

Бейбарыс Сұлтан даңғылының облыс әкімдігі орналасқан бөлігінде көлік қозғалысына сағатына 60 шақырымдық шектеу белгіленген. 24/7 сағат жұмыс істейтін екінші камера – Арай-2 мөлтек ауданындағы Текей батыр көшесінің 54-үйі маңында орналасқан, жылдамдық сағатына 40 шақырымнан аспауы тиіс.

Астана даңғылы мен Бауыржан Жүсіпов көшесінің қиылысында, сондай-ақ Ғани Мұратбаев көшесі 15-үйдің тұсында жүргізушілер үшін рұқсат етілген жылдамдық сағатына – 60 шақырым. Бұдан бөлек, Тәуелсіздік даңғылындағы «Bella Vista» қонақ үйі маңында және Саламатов көшесі мен Қыдыров көшесінің түйіскен тұсында да осы жылдамдық режимі сақталуы қажет.

Ал Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі №3 лицей аумағында, сондай-ақ Абай даңғылы мен Ыбырай Жахаев көшесінің қиылысында көлік қозғалысының ең жоғары жылдамдығы сағатына 40 шақырым болып белгіленген.

– Осы сұрақты толықтырып жіберсек.

Халық арасында «камералар көбіне айыппұл саларда белсенді жұмыс істейді, ал жол-көлік оқиғасы болғанда немесе қылмыс орын алғанда олар «істемей қалады» деген пікірді жиі естиміз. Осындай сыңға сіз қалай жауап берер еді-

ніз, бұл жүйенің ашықтығы мен әділдігі қалай қамтамасыз етіледі?

– Автоматты тіркеу камераларының басты міндеті – жол жүрісі қағидаларының сақталуын бақылау. Алайда олардың қызметі тек қана айыппұл салумен шектелмейді. Камералар жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, жолдағы тәртіпті қалыптастыруға және қылмыстарды ашуға да елеулі үлес қосады. Десе де білеміз, мұны көпшілік бұрыс қабылдайды.

Камералар үздіксіз жұмыс істейді, бірақ әрқайсысының өз қамту аймағы бар екенін есте ұстаған жөн. Барлық көше мен аумақты бірдей бақылау техникалық тұрғыда мүмкін емес, кейде жол-көлік оқиғалары камера орнатылмаған жерде немесе көрінбейтін бұрыштарда болып жатады. Сол себепті кейбір жағдайларда камера істемейді деп ойлау дұрыс емес, бұл оның орналасу шектеулерінен туындайтын жағдай.

Шын мәнінде, камера – жазалау құралы емес, қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ететін құрал. Бұл құрал жолдағы қауіпті әрекеттерді анықтап, жол қатысушыларының қауіпсіздігін қорғауға бағытталған маңызды тетік екенін ескерейік. Заңды бұзбасаңыз ешкім жаза тағайындап, айыппұл арқаталмайды.

– Қазір жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында қандай профилактикалық жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қазақстанда жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында кең көлемде про-фи л а к т и к а л ы к



жұмыстар мен арнайы акциялар жүргізіліп тұрады. Қызылорда көлемінде де дәл солай. Бұл шаралар тек заң талаптарын орындауға бағытталған бақылаудан ғана емес, жолдағы тәртіп пен мәдениетті көтеруге, техникалық бақылауды күшейтуге және қоғамдағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталады.

Аймақта жол қозғалысы қағидаларын бұзушылықтардың алдын алу үшін «Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші», «Мас жүргізуші» сияқты жедел профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Басты мақсаты – жолдағы тәртіпті күшейтіп, қауіпті әрекеттерді дер кезінде анықтау арқылы жол-көлік оқиғаларының санын азайту екенін атап өту керек.

Сонымен қатар полиция қызметкерлері мен жергілікті әкімдіктер тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері түсіндіріліп, сақ жүруге үндейді. Мектептерде және жастар арасында арнайы бейнероликтер көрсетіліп, оқу сабақтары өтеді. Мұның бәрі жол қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға және жолдағы жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

– Президенті 2026 жылды «Жасанды интеллект және цифрландыру жылы» деп атап өткендей, барлық сала бойынша ЖИ қарқынды дамымақ. Айтыңызшы, ЖИ құқық қорғау органдарының да жүйесіне ене ме?

– Жасанды интеллект қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының күнделікті жүйесіне толық енген жоқ, бірақ болашақта бұл мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануымыз мүмкін. Заң мен адам өміріне тікелей қатысы бар салаға жасанды интеллект енгізу үшін оның өзін өте мұқият дайындау қажет, себебі бұл жүйе тек деректі өңдеумен

шектелмей, жауапкершілікті сезінуге, дұрыс шешім қабылдауға қабілетті болуы тиіс.

Ал егер құқық қорғау саласына енгізілетін болса, ЖИ қылмыстық әрекеттерді алдын ала болжау, видеобақылау деректерін автоматты талдау, іздеудегі көліктер мен тұлғаларды анықтау секілді қызметтерді атқарып, полиция жұмысын жылдамдатыр әрі жеңілдетері сөзсіз. Бірақ бұл – уақыт енісіндегі өзгеріс.

– Қыс мезгілінде табиғаттың тосын мінезі сіздердің қызметтеріңізді екі есе ауырлата түсетіні белгілі. Боранды күндері жолда қалған адамдарға көмек көрсету барысында полиция қызметкері үшін не маңызды: қызметтік жауапкершілік пе, әлде адам өміріне деген жанашырлық па?

– Иә, рас айтасыз. Бұл мезгілде, әсіресе боран мен қатты жел тұрған күндері жұмысымыз қиындайды. Десе де полиция қызметкері үшін адам өмірін сақтау арқашан ең жоғары құндылық. Қызметтік міндеттің өзі де осы қағидаға негізделген. Боранды күндері жолда қалған азаматқа көмек көрсету, қауіпсіз жерге жеткізу, қажетті жағдайда жедел қызметтерді шақыру – мұның бәрі тек жанашырлықтан емес, тікелей кәсіби борыштан туындайды. Қызметкердің әрекеті арқашан осы екі ұғымның үйлесімімен жүреді: заң талаптарын орындау арқылы да, адам

өмірін қорғау арқылы да қоғамға қызмет етеді.

Сондықтан ауа райы қалай құбылса да, полиция қызметкері үшін таңдау жасау мәселесі мүлде туындамайды. Қызметтік жауапкершілік пен адам өміріне деген жанашырлық бір мақсатқа қызмет етеді – жолдағы әрбір адамның амандығын қамтамасыз етуге, қауіпті сәттерде өмірін сақтап қалуға бағытталады.

– Қала тұрғындары тарапынан «айыппұл көп, талап қатал» деген пікірлер жиі айтылады. Осындай сын-ескертпелерге полиция қызметкері ретінде пікіріңіз қандай?

– Айыппұл негізгі мақсат емес, ол тек жол жүрісі қағидаларын сақтау үшін қолданылатын құрал. Негізгі міндет заңбұзушылықты жазалау емес, жолдағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Әрбір талап пен ереже артында тек айыппұл емес, қоғамдағы жалпы қауіпсіздік пен тәртіптің сақталуы жатыр. Егер талаптар әлсіз болса немесе жауапкершілік жеткіліксіз болса, жолдағы тәртіп те әлсіреп, соның салдары ауыр болуы мүмкін: жол-көлік оқиғалары, жарақаттар, тіпті адам өліміне дейін апаруы мүмкін. Халықта немқұрайлық басым. Әлеуметтік желіде түрлі заңбұзушылықты бейнетаспалар арқылы көріп жүрміз. Заң бұзғанын мақтаныш көретін жандардың бар екені анықталып отыр. Мемлекеттік нөмірін шешіп немесе жылдамдықты тым асырған жүргізушілер, полиция қызметкерлерінен қашуға тырысқан немесе көлікті жүргізуші куәлігіңіз тізгіндегердің ісі жауапсыз қалмау керек. Айыппұл ескерту қызметін атқарады.

Полиция үшін ең бастысы, атап айтқанда, жүргізушіні жазалау емес, қауіпті әрекетті дер кезінде тоқтату. Айыппұл салу мақсат емес, негізгі міндет алдын алу. Қаталдық тек заңның үстемдігін және әділдікті сақтау үшін қажет. Мақсат азаматтарды жазалау арқылы емес, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру арқылы жолдағы қауіпті азайту. Қорытындылай келе, мәселе айыппұлдың көп екенінде емес, қағиданың сақталмауында. Талаптың қаталдығы – қауіпсіздікке деген жауапкершіліктің көрінісі. Жолдағы тәртіптің сақталуы, қауіпсіздік пен заңның үстемдігі осы үш тұтастық арқылы ғана қамтамасыз етіледі және полиция қызметкерлерінің басты миссиясы – осы үйлесімді сақтау.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



Басы 1бетте.


– Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелге бару идеясы қалай туындады?

– Бұл шешімді кенеттен қабылдадым. Әрине, шетелде оқу туралы ой бұрыннан болған, бірақ нақты қадам жасауға батылым жетпеді. Бір күні академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы ақпаратты көріп, «Неге бағымды қазір сынап көрмексе?» деген ой келді. Сол сәттен бастап ішкі қорқынышты ысырып қойып, тәуекелге бел будым. Бұл қадам өзіме деген сенімділігімді оятты. Алдымнан жаңа мүмкіндіктер ашылды.

– Польшаға алғаш табан тірегендегі сезімдеріңіз қандай болды? Алғашқы күндері

Қарақат АМАН:

ТӘУЕКЕЛ ЕТКЕН АДАМ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ АЙҚАРА АШЫЛАДЫ



қандай қиындықтар туындады? Оларды қалай еңсердіңіз?

– Польшаға алғаш келгенде қуаныш пен қобалжу қатар болды. Орта, тіл, адамдар – бәрі жаңа. Алғашқы күндері тілдік кедергілер мен күнделікті тұрмыстық жағдайлар – қоғамдық көлікке бейімделу, құжат рәсімдеу және үлкен қалада бағыт-бағдар табу едәуір қиындық тудырды. Оның ішінде ең қиыны – ауа райы. Польшада күн сирек көрінеді. Климаттың салқындығынан денсаулығым сыр берді. Кейін ағзамда D дәруменінің тапшылығы байқалды. Бұл жағдай алғашқы кезде көңіл күйіме де, жалпы жағдайыма да әсер етті. Дегенмен уақыт өте келе, уайымға салынбай, дәрумендер қабылдадым. Кейін жергілікті студенттермен араласа бастадым. Университеттің халықаралық бөлімінің көмегіне жүгіну арқылы барлығын ақырындап еңсердім.

– Польшадағы оқу саласының Қазақстандағы білім беру жүйесінен айырмашылығы бар ма? Сабақ беру форматы сізге қалай әсер етті?

– Мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Лодзь университетінде бір семестр бойы

тендеулер арқылы сипаттауды үйретті. Әсіресе, есептерді жүйелі түрде талдау, дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларым айтарлықтай нығайды. Алған білімім кәсіби дамуыма және аналитикалық қабілетімді арттыруға зор үлес қосты.

– Польша мәдениеті сізді несімен таңғалдырды?

– Польша мәдениетінде дәстүрлер мен заманауи үрдістердің үндестігі маған ерекше әсеретті. Жергілікті халықтың тарихты құрметтеуі және мәдени құндылықтарды қастерлеуі ерекше көзге түседі. Әсіресе, олардың ішкі тәртібі, уақытқа деген ұқыптылығы және күнделікті өмірдегі өзара сыйластығы маған үлкен әсер қалдырды. Олардың өткен күннің мұрасын сақтай отырып, еуропалық қарқынмен дамуға ұмтылуы нағыз үлгі аларлық қасиет.

– Жергілікті халықтың шетелдік студенттерге көзқарасы қандай?

– Жергілікті халық шетелдік студенттерге ерекше иттипатпен және жылы шыраймен қарайды. Польшалық студенттердің сыйластығы және әрдайым қол ұшын созуға дайындығы адаптациялық

кезеңнің жеңіл өтуіне септігін тигізді. Университет қабырғасында студенттерге ерекше қолдау беріледі. Ал оқытушылар мен халықаралық бөлім өкілдері кез келген мәселе бойынша бағыт-бағдар беруге дайын. Мұндай мейірімді орта өзімді жайлы сезінуге мүмкіндік берді.

– Польшадағы студенттік өмірді қалай сипаттар едіңіз? Бос уақытыңызды қалай өткіздіңіз?

– Польшадағы студенттік кезеңім өте белсенді әрі қызықты өтті. Академиялық біліммен қатар елдің мәдени-тарихи орындарымен таныстым. Мұражайлар мен мәдени шаралар, шетелдік достармен қарым-қатынас және жаңа өркениеттерді тану маған үлкен рухани азық берді. Бұл кезең менің тұлға болып қалыптасуыма және көкжиегімнің кеңеюіне әсер етті.

– Академиялық ұтқырлық сіздің жеке тұлға ретінде дамуыңызға қалай әсер етті?

– Шетелдегі білім мен өмір мені біраз шыңдады. Мен тек білім алып қана қоймай, жауапкершілікті

Сонымен қатар мен академиялық адалдық, уақытты тиімді жоспарлау, жауапкершілік сияқты дағдыларды ерекше бағалай бастадым. Бұл қасиеттерді болашақта өз шәкірттеріме де сіңіргім келеді. Себебі білім сапасы тек пәнмен шектелмей, тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер етеді.

– Осы тәжірибеден кейін болашаққа жоспарыңыз өзгерді ме?

– Әрине, өзгерді. Бұл тәжірибе менің ой-өрісімді кеңейтіп, өзіме деген сенімімді арттырды. Болашаққа қатысты нақты мақсаттарым мен жоспарларым бар, бірақ олар әзірге өзіме ғана белгілі, көпшілікке құпия болып қала бергенін қалаймын. Дегенмен, сол жоспарлардың барлығы кәсіби әрі тұлғалық дамуыммен тікелей байланысты.

– Академиялық ұтқырлықпен басқа елге барғысы келетін студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Қорықпау керек. Тілді алдын ала дайындап,

жаңа ортаға ашық болып, берілген мүмкіндікті толық пайдалану маңызды. Ең бастысы – өзіңізге сену.

Жаңа қадам жасаудан қорықпау керек. Әрине, тілді алдын ала меңгеріп, іргетасты нық қалау – жетістіктің жартысы. Алайда тек білім ғана емес, берілген әрбір мүмкіндікті қалт жібермеу де аса маңызды. Ең үлкен кедергі – іштегі күмән, ал ең үлкен күш – өз-өзіңізге сенім. Тәуекел еткен адам үшін мүмкіндіктер алаңы өз есігін айқара ашады.

– Егер мүмкіндік болса, бұл тәжірибені қайта бастап өткерер едіңіз бе?

– Польшада өткен әрбір күн мен үшін баға жетпес сабақ болды. Бұл кезеңді өмірімдегі ең құнды әрі маңызды белестердің бірі. Ол маған тек академиялық білім емес, өмірлік даналық, мықты мінез және әлемге деген шексіз махаббат сыйлады. Бұл мені жаңа қырымнан тануға көмектескен кезең. Сондақтан, маған қайта мүмкіндік берсе, бұл тәжірибені ойланбай-ақ қайта бастап өткерер едім.

– Әсерлі әңгіменіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан Мерей ШӨКРАТ

Қазіргі таңда жасанды интеллект қоғамның біршама саласына енді. Мұндай құндылықтар жиынтығында адам еңбегінің құнары да өзгертіп отыр. Енді телефондағы көмекші ақпаратты жылдам өңдеп, талдау жасай алатындықтан ол болашақта біраз маманды жұмыссыз қалдыруы мүмкін деген болжамдарды құлағымыз шалып жүр. Алайда шынымен ЖИ адам еңбегін алмастыра ала ма? Белсенді ортаға сұрақ тастадық.



Айсұлу ӘШІМ:

– Жасанды интеллект (ЖИ) адамның қатысуынсыз, өз бетінше медициналық көмек көрсете алмайды. Мен фельдшер болғандықтан, медицинада «тірі адам факторының» қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. ЖИ адамды тікелей көру, пальпация және перкуссия сияқты физикалық тексеру әдістерін сезіне алмайды.

Оны тек қосымша көмекші құрал ретінде пайдалану тиімді. Мысалы, құжаттарды автоматты толтыру, ЭКГ, КТ анализдерін тез оқу секілді әрекеттерді автоматтандыру.

Алайда медицина қызметкерлерінің күнделікті жұмысында әр науқастың жағдайы әртүрлі. Бұл салада клиникалық ойлау, интуиция және көпжылдық тәжірибе шешім қабылдауда басты рөл атқарады. Шұғыл жағдайларда техника істен шығуы немесе интернет байланысы үзілуі мүмкін. Мұндай сәтте барлық жауапкершілік тек маманның мойнына артылады. Тек адам ғана нақты шешім қабылдай алады.

Сонымен қатар медицинада пациентпен психологиялық байланыс орнату, оның сеніміне кіру және жанаңырлық таныту өте маңызды. Бұл адами қасиеттерді ешқандай жасанды интеллект алмастыра алмайды.

Әлмахан ӘДІЛБЕКҰЛЫ:

– Менің мамандығым «Жерді мелиорациялау баптау және қорғау» деп аталады. Жасанды интеллект бұл мамандықты толық алмастыра



алмайды. Себебі жермен байланысты салаларда маман шешуші рөл атқарады. Жергілікті климатты, табиғи жағдайды, халықтың тұрмыс тіршілігін, әлеуметтік ерекшеліктерін және ең бастысы топырақты қолмен ұстап, оның халі мен құнарлылығын сезіну тек адамға ғана тән қабілет. Мұндай сезім мен тәжірибені алгоритм немесе бағдарлама толық қайталай алмайды.

Сонымен қатар жасанды интеллект мамандықты алмастырмаса да, оның пайдасы зор. Ол есептеулерді жылдам жүргізуге, үлкен көлемдегі деректер базасын жинақтауға және талдауға, карталар мен сызбаларды құруға, түрлі модель мен болжам жасауға көмектеседі. Бұл маманның жұмысын жеңілдететін, уақытты үнемдейтін тиімді құрал. Бірақ мұның өзінде карта мен сызбалардың дұрыстығы мен нақтылығын қамтамасыз ету үшін адамның саналы шешімі қажет. Қандай деректі қолдану, қандай шектеулерді ескеру, қандай шешім жергілікті жағдайға тиімді болатынын тек тәжірибелі маман ғана анықтай алады. Жасанды интеллект дайын ақпаратпен жұмыс істейді, ал сол ақпараттың мәнін түсініп, жауапкершілік алып шешім қабылдайтын – адам.



Алина АНДРЕЙ:

– Менің мамандығым – биолог. Менің ойымша, биология саласында жасанды интеллект зерттеу нәтижелерін өңдеу, үлкен көлемдегі деректі жүйелеу, генетикалық талдаулар жасау және ғылыми болжамдар құруда тиімді құрал бола алады. Әсіресе, экологиялық мониторинг, жасушалық деңгейдегі зерттеулер немесе биоинформатика салаларында жасанды интеллектіңін алар орны орасан зор. Бірақ биология – тірі ағзалармен тікелей жұмыс істейтін ғылым. Тәжірибе жүргізу, табиғи ортадағы өзгерістерді бақылау, тіптің биологиялық үрдістерді түсіну және оларды дұрыс бағалау адам факторының болуын талап етеді.

Жасанды интеллект адам сияқты оялмайды, сезбейді және моральды жауапкершілік алмайды. Биолог маман тек ғылыми деректермен ғана емес, табиғатқа

деген жауапкершілікпен, этикалық нормалармен және кәсіби интуициямен де жұмыс істей алуы тиіс. Бұл қасиеттерді ешқандай технология толық алмастыра алмайды.



Азат ЖҰМАТАЙ:

– Менің ойымша, жасанды интеллект журналистика мамандарын да алмастыра алмайды. Бірақ ол бұл салаға біраз өзгеріс әкелетіні анық. Жасанды интеллект жаңалықтарды тез жинап, деректі талдап, қысқа ақпараттық мәтіндерді жаза алады. Бірақ журналистиканың ең маңызды қыры – адам ретіндегі көзқарас, сыни ойлау, эмоцияны сезіну, оны талдау. Қоғамның ішкі мәселелерін түсіну өте маңызды. Аталған қасиеттерді жасанды интеллект толық бере алмайды. Бұл – эмоционалды интеллект. Жасанды интеллект сұхбат алушының дауыс ырғағындағы дірілді немесе жанырында жасырылған мұңды байқай алмайды.

Назерке ҚАЛЖПТТ:

– Қазіргі ХХІ ғасыр – ЖИ заманы. Қошбасылыққа жетелейтін тікелей жол іспеттес. Дегенмен менің ойымша, болашақта жасанды интеллект ауызша аудармашы мамандығын толық алмастыра алмайды, керісінше оның рөлін едәуір тарылтады. ЖИ қолдану арқылы сана кеңістігін биіктеге аламыз, тек мөлшерден тыс қолдану өзіміздің ойлау қабілетімізді тоқтатумен тен. Ғылыми тұрғыдан қараса, қазіргі ЖИ жүйелері нейрондық желілер мен үлкен тілдік модельдерге сүйеніп, секундтың ішінде ондаған тілді аудара алады. Мысалы, синхронды машиналық аудармада қателік деңгейі соңғы 10 жылда шамамен 30-40% төмендеді. Бұл – нақты факт.

Алайда ауызша аударма – тек сөзді сөзге көшіру емес. Ол интонация, эмоция, мәдени астар, контекст сияқты тірі дүниелерге сүйенеді. Адамның сөзі – құрғақ ақпарат

емес, ол кейде жүректен шығып, ишарамен, паузамен, көзқараспен толығады. Жасанды интеллект қанша дамыса да эмоцияны түсінбейді. Мысалы, дипломатиялық келіссөздерде бір ғана сөздің жұмсақ не қатқыл айтылуы тарихи шешімге әсер етуі мүмкін. Мұндай сәтте аудармашы – жай маман емес, жауапкершілікті өз мойнына алатын тірі субъект. Ал жасанды интеллект жауапкершілікті сезінбейді, ол қателесе – «кінәлі ешкім жоқ». Әдеби теңеумен айтсам, ол өте жылдам жүретін пойыз, ал адам аудармашы – бұрылысы көп таулы жолда бағытты сезе алатын тәжірибелі жүргізуші. Тузу жолда пойыз озады, бірақ қауіпті жерде рөл әлі де адамда екенін естен шығармаған абзал. Оның жұмысында қателіктер өте көп. Ал ол аудармашының бағытын бұлыңғыр етеді. Сондықтан дайын алгоритмге сенбей, қателікті көшіріп алмай, миға жұмыс істеткен дұрыс деп ойлаймын.



Динара БҮРІБЕК:

– Менің ойымша, болашақта жасанды интеллект менің мамандығымды толықтай алмастыра алмайды. Мен қазіргі таңда «арнайы педагогиканың» 3-курс студентімін. Арнайы педагог мамандығы тек білім берумен шектелмейді, ол адамға көңіл бөлу мен қарым-қатынаста болуы маңызды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға эмоциялық қолдау мен түсіну, көмектесу өте маңызды. Жасанды интеллект белгілі бір тапсырмаларды жеңілдетіп, көмекші құрал ретінде тиімді бола алады. Мысалы тапсырма жасағанда уақытты үнемдеуге, жаттығуларды дайындауға көмектеседі. Алайда баланың ішкі күйін сезіну, мінез-құлқын түсіну тек адамға тән қасиет. Педагог пен бала арасындағы сенім технология арқылы толық қалыптаспайды. Сондықтан жасанды интеллект арнайы педагогтың орнын басыпды, тек оның жұмысын жеңілдетеді. Болашақта жасанды интеллект пен педагогтың бірлесіп жұмыс істеуі ең тиімді шешім болар еді...

Сауалнама жүргізген Мерей ШӨКРАТ

Технологиялық серпіліс

Жасанды интеллект – бұл жай ғана сәнді термин емес, бұл адамның ойлау қабілетін имитациялайтын қуатты технологиялық құрал. Информатика сабақтарында ЖИ-ді қолдану оқушыларға теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар нейрондық желілердің қалай жұмыс істейтінін түсіну арқылы заманауи бағдарламалаудың негіздерін тереңірек меңгереді.

Білімді жекелендіру: Әр балаға – өз деңгейі

Мұғалімнің бір сабақта отыз оқушының әрқайсысына жеке көңіл бөлуі физикалық тұрғыдан қиын. Ал ЖИ негізіндегі платформалар бұл мәселені оңай шешеді. Олар оқушының тақырыпты меңгеру жылдамдығын талдап, қате жіберген тұстары бойынша қосымша тапсырмалар ұсынады. Бұл – білім берудегі нағыз инклюзивтілік пен әділдік.


Программалаудың жаңа дәуірі

Енді оқушыларға кодтың әрбір үтір-нүктесіне бола бас қатырып, сағаттап отырудың қажеті шамалы. ChatGPT немесе GitHub Copilot сияқты құралдар код жазуды жеделдетеді. Бірақ мұнда басты маңыздылық – ЖИ-ге тапсырманы дұрыс беру (prompt engineering). Информатика сабағында мұғалімдер балаларға дайын жауапты алуды емес, технологияны дұрыс бағытта қолдануды, логикалық сұрақ қоя білуді үйретуі тиіс.

Этикалық мәселе және сыни ойлау

Әрине, ЖИ-дің кеңінен қолданылуы «оқушылар дайын жұмысты көшіре салады» деген қауіп тудыратыны жасырын емес. Сондықтан информатика сабағында ЖИ-дің этикасы, авторлық құқық және ақпараттың шынайылығын тексеру (fact-checking) мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі керек. Бұл оқушылардың бойында «Бұл ақпарат қайдан алынды? Оған сенуге бола ма?» деген секілді сыни ойлауды қалыптастырады.

ЗАМАН АҒЫМЫ: Информатика сабағындағы жасанды интеллект қажеттілік пе, әлде кедергі ме?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің алдағы үш жылда толыққанды цифрлық елге айналуы тиіс екенін қадап айтты. Президент атап өткендей, жасанды интеллект (ЖИ) – жай ғана технология емес, ол – экономиканың, ғылымның және ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындайтын басты күш.

Осы орайда, мектептегі информатика сабақтарының маңызы мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі үлкен трансформация алдында тұр. Осы өзгерістердің алдыңғы шебінде – мектептегі информатика пәні. Егер кеше ғана оқушыларға компьютердің құрылымын немесе қарапайым алгоритмдерді үйретсек, бүгін күн тәртібінде «Жасанды интеллект» (AI) мәселесі тұр. Оны мектеп қабырғасында қолданудың маңызы қандай?

Мұғалімнің рөлі қалай өзгереді?

«ЖИ мұғалімді алмастыра ма?» деп қауіптенетіндер де бар. Жауап анық: жоқ. Керісінше, мұғалім техникалық жұмыстардан босап, оқушымен шығармашылық жұмыс істеуге, оны дұрыс бағыттауға уақыт табады. Мұғалім енді тек ақпарат беруші

емес, ЖИ әлеміндегі тәжірибелі маманға айналады.

Жасанды интеллект – бұл біздің болашағымыз. Оны информатика сабақтарында оқыту – оқушыларға ертеңгі күннің кілтіні ұстатумен тең. Біз технологиядан қашпай, оны білім сапасын арттыруға жұмсай білуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстанның цифрлық болашағы сенімді қолда болады.

Ал енді информатика сабақтарында жасанды интеллектті қолданудың маңызына тоқталсақ... Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Әсіресе информатика пәнінде ЖИ элементтерін қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, талдау және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді.

ЖИ негізіндегі білім беру платформалары оқушыларға жекелендірілген оқу тәжірибесін ұсынады. Мұндай жүйелер оқушының білім деңгейін, оқу қарқынын және қателіктерін талдай отырып, соған сәйкес тапсырмалар мен оқу материалдарын ұсына алады. Бұл әр оқушының өз мүмкіндігіне сай білім алуына, қиындықтарды дер кезінде анықтап, жеңуіне және оқу мотивациясын сақтауға көмектеседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2025 жылғы Жолдауында адами капиталды дамыту, цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне кеңінен енгізу мәселелеріне ерекше тоқталды. Президент білім сапасын арттыру үшін заманауи технологияларды тиімді пайдалану қажет екенін атап өтіп, жастарды жаңа цифрлық дәуір талаптарына бейімдеудің маңыздылығын көрсетті. Бұл бағытта информатика сабақтарында ЖИ элементтерін қолдану – Жолдауда айтылған стратегиялық мақсаттардың нақты жүзеге асуының бір көрінісі.

Сонымен қатар ЖИ технологияларын меңгеру оқушыларды болашақ мамандықтарға дайындайды. Олар жасанды интеллекттің жұмыс істеу принциптерін түсініп, оны түрлі салада қолдану жолдарын үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына және технологиялық өзгерістерге тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект элементтерін информатика сабақтарына енгізу білім беру сапасын арттырып қана қоймай, елдің цифрлық дамуына үлес қосатын саналы, білімді және жаңашыл ұрпақты тәрбиелеуге жол ашады. Бұл – Мемлекет басшысы белгілеген стратегиялық бағыттармен толық үндесетін маңызды қадам.

Бақыт НЫСАНҚҰЛОВА,
информатика пәнінің мұғалімі

Бүгінгі колледж қабырғасында білім мен тәрбие қатар жүрмесе, толыққанды маман қалыптаспайды. Осы ақиқатты өмірдің өзі сан мәрте дәлелдеп келеді. Өмірдегі колледждердің кейінгі жылдары қазақтың ұлттық ойындарына қайта бет бұруы – соның жарқын көрінісі.

Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруда асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Бұл ойындар жастарды бірлікке, жауапкершілікке, өзара сыйластыққа баулиды. Әсіресе, колледжішілік спорттық-танымдық шараларда ұлттық ойындардың жанаша сипат алуы студенттердің қызығушылығын арттырып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Жолдауында жастарға сапалы білім берумен қатар, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі ерекше атап өтілді. Бұл міндеттің өмірлерде нақты іске асуы колледждердегі осындай тәрбиелік бастамалармен тығыз байланысты.

өміршен, ең әсерлі көрінісі.

Олар ғасырлар бойы халықпен бірге жасап, ұрпақ тәрбиесінің табиғи мектебіне айналды. Көкпар мен аударыспақта ерлік пен намыс, асық ойынында дәлдік пен сабыр, алтыбақанда татулық пен сыйластық, тоғызқұмалақта терең ой мен зерделілік жатыр. Бұл ойындар жас ұрпақты тек шынықтырып қана қоймай, елдік пен бірлікке баулиды.

Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың ғасырлар бойы қалып-



Ұлттық ойындар арқылы жас ұрпақ дене шынықтырып қана қоймай, батылдыққа, төзімділікке, шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйренген. Мысалы, көкпар – ерлік пен командалық рухты, аударыспақ – күш пен ептілікті, алтыбақан – жастардың бірлігін, сыйластығын, асық ойыны – дәлдік пен ойлау қабілетін дамытқан. Ал тоғызқұмалақ – қазақ халқының терең логикалық ойлау жүйесінің дәлелі.

Жолдауда айтылған басты құндылықтардың бірі – салауатты өмір салты мен ұлт саулығы. Бұл бағытта да қазақтың ұлттық ойындары ерекше рөл атқарады. Өйткені олар табиғи қозғалысқа негізделген, денені шынықтырады және ұлттық сана-сезімді күшейтеді. Ұлттық ойындарды мектеп бағдарламасына, үйірмелер мен спорттық жарыстарға енгізу – жас ұрпақты отан-сүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді жолы.

Қазақ қоғамында ұлттық ойындар ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың маңызды құралы болғанын айта кеткен жөн. Үлкендер ойын арқылы жастарға өмірлік тәжірибе, салт-дәстүр, адамгершілік қасиеттерді үйреткен. Бұл – бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған құндылықтар.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – КОЛЛЕДЖДЕГІ ТӘРБИЕ ТАМЫРЫ

Ұлттық ойындарды дәріптеу – өткенді аңсау емес, болашақты ойлау. Өйткені өз тамырын таныған жас қана елдің ертеңіне жауапкершілікпен қарайды. Ал колледж – сол жауапкершілікті қалыптастыратын маңызды орта.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖӘНЕ БІЛІМ: КОЛЛЕДЖ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК САБАҚТАСТЫҚ

Білім беру жүйесінің басты мақсаты – білікті маман ғана емес, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Осы тұрғыда қазақтың ұлттық ойындары колледждердегі оқу-тәрбие үдерісінде маңызды орын ала бастады.

Бүгінде көптеген колледжде дене тәрбиесі сабақтарында асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ элементтері енгізіліп, тәрбие сағаттарында ұлттық ойындар арқылы ұжымдық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттер дамытылуда. Мәселен, студенттер арасында ұйымдастырылатын ұлттық ойындар күндері жастардың белсенділігін арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етуде.

Ұлттық ойындар – білім мен тәрбиені ұштастыратын тиімді құрал. Колледж қабырғасында оларды кеңінен қолдану – ұлттық рухы биік, бәсекеге қабілетті жас маман қалыптастырудың берік негізі.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖӘНЕ БІЛІМ: РУХТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Білім беру – тек ақпарат үйрету емес, тұлға қалыптастыру. Осы жолда қазақтың ұлттық ойындары – ұлт тәрбиесінің өміршен тегігі. Олар баланың ой-санасын дамытып қана қоймай, ұлттық рухты, адамгершілік пен жауапкершілікті бойына сіңіреді.

Асық ату, тоғызқұмалақ, алтыбақан сияқты ұлттық ойындар оқушыны шапшаңдыққа, логикалық ойлауға, ұжыммен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл – бүгінгі білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие дағдылар. Ұлттық ойындар арқылы оқушы өз халқының тарихын, салт-дәстүрін тереңірек түсінеді.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН РУХАНИ КҮШ

Ұлттың жаны – оның дәстүрінде, ал дәстүрдің тірегі – ұлттық құндылықтар. Қазақтың ұлттық ойындары осы құндылықтардың ең

тасқан мәдени құндылықтарының ажырамас бөлігі. Олар ұлттық салт-дәстүрін, өмір салтын, дүниетанымын танытып қана қоймай, жас ұрпақты дене және рухани тұрғыда тәрбиелеудің тиімді құралы.

Көкпар, аударыспақ, асық ату, алтыбақан, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойындар батылдықты, ептілікті, ойлау қабілетін, бірлік пен әділдікті қалыптастырады. Бұл ойындар арқылы жастар ұлттық рухты бойына сіңіріп, ата-баба аманатына адал болуға үйренеді.

Ұлттық ойындар – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Оларды жаңғырту арқылы біз ұлттық болмысымызды сақтап, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейміз.

Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың сан ғасырлық тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан сыр шертетін баға жетпес мәдени мұра. Олар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, ұлттың рухани құндылықтарын, ерлік пен ептілікті, бірлік пен әділдікті дәріптейтін тәрбиелік мәні зор қазына.

Президент Жолдауында айтылған бірлік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер ұлттық ойындардың мазмұнымен тығыз байланысты. Командалық ойындарда әділдік пен ынтымақ, жеке ойындарда табандылық пен өз-өзіне сену қалыптасады.

Қазақтың ұлттық ойындары – өткен мен бүгінді, дәстүр мен жаңашылдықты жалғайтын алтын көпір. Оларды жаңғырту – тек мәдени мұраны сақтау емес, сонымен қатар ұлттың болашағын тәрбиелеу. 2025 жылғы Президент Жолдауында көтерілген ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісінде қазақтың ұлттық ойындары ерекше маңызға ие. Сондықтан бұл асыл мұраны заман талабына сай дамытып, жас ұрпақтың өміріне кеңінен енгізу – ортақ міндет.

Самат МҰҚАНОВ,

М.Ықанов атындағы Қызылорда техникалық - IT жоғары колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы

САНАЛЫ ЖАСТЫҢ ТАҢДАУЫ

Бүгінде жастар мен жасөспірімдер арасында есірткі дертінің белең алуы – қоғамның ең ауыр дерті. Шыны керек, қазіргі заманда бізді ата-ана емес, көбіне әлеуметтік желі тәрбиелеп жатқандай сезіледі.

Интернеттегі түрлі жарнама мен жаңсақ бағыттар жастардың санасын ұлап, оларды қауіпті қадамдарға итермелеуде. Кейбірін қасындағы ортасы бұзса, енді бірін виртуалды әлемнің арбауы құртуда.

Есірткі ұсынған бір реттік ләззаттың артында орны толмас өкініш жатыр. Ол сыйлаған алдамшы сезім адамның болашағын, денсаулығын және ар-намысын бір



сәтте күлге айналдырады. Есірткісіз салауатты қоғам қалыптастыру үшін, ең алдымен, өзімізді іштей тәрбиелеуіміз қажет. Бала қашан да ата-анадан көргенін қайталайды, сондықтан отбасылық құндылықтар – басты қорған.

Сонымен қатар жастардың бос уақытын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Себебі мақсатсыз өткен бос уақыт адамды жат әдеттерге, соның ішінде есірткіге әуестендіреді. Спортпен шұғылданып, білімге ұмтылу арқылы ғана біз бұл дертті жеңеміз. Өміріңді өкінішке емес, биік белестерге арна!

Балнұр ЖАҢАБАЙ,
№276 орта мектептің 10-сынып оқушысы,
Қазалы ауданы

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ ТҮЙІНІ

Басы 1-бетте

Ақпан айындағы аламан

2026 жылы әлем жұртшылығының басты назары Италияның Милан-Кортинада қаласында өтетін XXV қысқы Олимпиада ойындарында болмақ. Себебі төрт жылда бір келетін басты доданың алауы жағылып, ақпан айында бастауын алады. Иә, қысқы Олимпиада әрқашан ыстық естеліктерімен, тарихи жүлделерімен есте қалатыны сөзсіз. Биылғы Олимпиаданың басты ерекшелігі – жарыстың бірнеше қалада өтуінде. Олардың ішінде Миланда орналасқан Ломбардия, Венето және Трентино өңірі, оның ішінде Кортина-д’Ампеццо, Вальтеллина және Вальди-Фьемме бар. Ашылу салтанаты екі қалада, яғни Милан мен Кортина-д’Ампеццода қатар өтеді. Спортшылар шеруі де екі аймақта бір мезетте өтіп, екі Олимпиада алауы жағылады.



Додаларда 116 олимпиадалық және 79 паралимпиадалық медаль жиынтығы сарапқа салынады. Барлық классикалық қысқы спорт түрлері ұсынылады. Оларды атап өтсек: тау шаңғысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, сноуборд, фристайл, бобслей, шана спорты. Бұл доданың тағы бір жаңалығы алғаш рет скиальпинизм жарысы да осы тізімнен орын тапты.

Шыны керек, кейінгі қысқы Олимпиада ойындарында бағымыздың жанбай жүргеніне тарих куә. Мәселен, Пекинде өткен долада жүлдесіз қайтқанымыз бар. Одан қалды, Ресей мен Корея елдерінде өткен төрт жылдықтың басты бәсекесінде тек бір-бір қоланы місе тұтқанымызды ұмытпауымыз керек. Биыл Италияға елімізден 35 спортшы ат басын бұрмақ. Ендігі медальдан үміт күттіретіндер қатарында шорт-тректен ерлерден Денис Никиша мен Абзал Әжғалиев болса, әйелдерден Ольга Тихонова мен Яна Хан бар. Сонымен қатар мәнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров пен София Самоделкинаға және фристайл шаңғысынан Анастасия Городько мен Юлия Галышеваға үлкен үміт артылып отыр. Иә, бұл спортшылар өткен жылы түрлі халықаралық жарыста өз жетістігімен ерекше көзге түскен болатын. Қайткен күнде де, алтыннан алқа тағатынына сеніміміз мол.

Спорт және туризм министрінің айтуынша, 2026 жылғы Олимпиада ойындарының дайындығына 13 миллиард теңге бөлінген. Ендеше сол қаражатты ақтайтын сәт те туған сияқты.

Қазақ боксының бағына не бұйырады?

2025 жыл қазақ боксы үшін табысты жылдардың бірі болды. Неге десеніз, санлақтарымыз әлем чемпионаттарында 10 алтын медаль, Әлемдік бокс федерациясынан бірінғай турнир титулы және спорттың ең үздік чемпиондары мәртебесі атағын алды. Биылға әлем чемпионаты жоспарланбаған, алайда алда Азия чемпионаты күтіп тұр. Дода осы жылдың наурыз айында Моңғолия мемлекетінде өтпек.



Команда құрамы мен іріктеу әдісі әлі жарияланған жоқ, бірақ елдің ең үздік өкілдері, соның ішінде қазіргі әлем чемпиондары Моңғолияға баруы мүмкін. Турнирге дайындық қазірдің өзінде басталды.

Биыл мезгілді додалар жинақталған жыл болады. Қысқы Олимпиадамен қоса, жаздығүні Азия ойындары да өз жалғасын таппақ. XX жазғы Азия ойындары биылғы жылдың 19 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында Жапонияның Айчи префектурасы мен Нагоя қаласында өтеді. Іс-шарада 41 спорт түрі, соның ішінде олимпиадалық және брейкинг, киберспорт және ММА сияқты жаңа дисциплиналар қамтылған. Қазақстан 30 спорт түрінен 500-ден астам спортшыны жіберуді жоспарлап отыр.

Қазір Азия ойындарындағы кейбір спорт түрлері бойынша бәсекелестіктің күштілігі соншалық, Олимпиада ойындарынан қалыспай келеді. Сонымен қатар Жазғы Азия ойындары спортшыларымыз үшін маңызды болмақ. Себебі олар Жазғы Олимпиада ойындарына дайындығын пысықтайды. Соңғы рет Жазғы Азия ойындарында асығымыз алшысынан түсті. 2023 жылы Қытайдың Ханчжоу қаласындағы долада спортшыларымыз 10 алтын медаль жеңіп алып, медальдар тізімінде 11-орынға тұрақтаған еді.

Мундиаль: Жеңімпаз кім?

Тағы бір атышулы додалардың бірі футболдан әлем чемпионаты болмақ. Әлем көз тіге қарайтын мундиальға тарихта алғаш рет 48 ұлттық құрама қатысады. Өкінішке қарай, бізден құрама болмайды.

Турнирді әйгілі жұлдыздармен сапталған Франция, Испания, Португалия, Бразилия және Аргентина сияқты құрамаларсыз елестету қиын. Футбол дүлдүлдері Криштиану Роналду мансабындағы ең қалаулы кубокты жеңуге тырысса, ал Лионель Месси әлем чемпионы атағын қорғауға бар күшін салады. Футбол додасы жаздың маусым-шілде айларына жоспарланған. Жарысты Америка, Мексика және Канада мемлекеттері қабылдайды.

Әлем чемпионатының жеңімпаз командасына берілетін бас кубок 26 қаңтарда Алматыға келеді деген сыбыс бар. Ол мегаполисте бірнеше сағат қана болады екен. Түпнұсқа кубокқа қол тигізуге тыйым салынады, себебі тек әлем чемпионатының жеңімпаздары (ойыншылар мен жаттықтырушылар) және Мемлекет басшыларына ғана рұқсат етіледі. Дегенмен кубокпен бірге суретке түсуге рұқсат бар.



Әлем кубогы бұған дейін 2018 жылы Алматыға әкелінген болатын. Түпнұсқа кубок туры ФИФА әлем чемпионаты басталмас бұрын ұйымдастырылып, алты құрлықтағы 50 елді қамтиды.

Салмағы 6,142 келі болатын түпнұсқа, таза алтын кубок Цюрихтегі ФИФА мұражайынан тек екі рет шығады: әлем чемпионаты туры кезінде және әлем чемпионатының өзінде. Биылғы әлем чемпионатында кімнің жұлдызы жанар екен? Оны уақыт көрсетеді.

UFC: Шавкат шаршы алаңға оралды

Қазақстандық жанкүйерлер 2024 жылдың желтоқсанынан бері жекпе-жек өткізбеген Шавкат Рахмоновтың октагонға қайта оралуын асыға күтуде. Жарақатына байланысты 2025 жылды өткізіп алған қазақстандық файтер 2026 жылы UFC-де өзін қайта дәлелдеуге ниетті.



Қазір Шавкат жартылай орта салмақта UFC рейтингінде екінші орында тұр. Бұл көрсеткіш оның алдағы уақытта бұрынғы чемпион Джек Делла Маддаленамен немесе қарқыны қатты, жұлдызы жаңа жанып келе жатқан Майкл Моралеспен жекпе-жек өткізуіне жол ашуы мүмкін. Қай қарсылас таңдалса да, бұл титулдық айкасқа апарар шешуші қадам болмақ. Ал ММА-дегі 2026 жылдың ең ірі оқиғаларының бірі – Асу Алмабаевтың келесі жекпе-жегі. Қазақстандық спортшы 28 ақпанда өз салмақ дәрежесінде бесінші орында тұрған экс-чемпион Брэндон Мореномен кездеседі. Қазір Алмабаев өз дивизионында жетінші орында тұр, ал бұл жекпе-жек оның чемпиондық арманын айқындайтын маңызды белес болмақ.

Сонымен қатар UFC-де Әліби Идристің дебюті де жанкүйерлердің ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Диар Нұрғожай, Николай Веретенников және Бекзат Алмахан да 2026 жылы әлемдегі ең беделді ММА лигасында өнер көрсетеді деп күтілуде. Қазірдің өзінде UFC-де Қазақстаннан алты бірдей белсенді жауынгер бар.

Кәсіби бокста жағдай біршама күрделі. Орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлының тағдыры В сынамаасының нәтижесіне тікелей байланысты. Егер 8 қаңтарда мельдоний қолданғаны дәлелденсе, қазақстандық боксшы чемпиондық титулынан айырылып, бірнеше айға жарыстан шеттетілуі мүмкін. Бұл жағдай отандық бокстың халықаралық беделіне де әсер етпек.

Дегенмен жағымды жаңалықтар да бар. Қазақстанның соңғы Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов наурыз айында рингке қайта оралады деп күтілуде. Оның жекпе-жегі Дана Уайт бастамашы болған жаңа кәсіби бокс лигасының алғашқы турнирлерінің бірінде, АҚШ аумағында өтуі мүмкін.

Теннисшілер текетіресі

Теннисте қазақстандық спортшылар жаңа маусымды қаңтардың ортасында бастайды. Елена Рыбакина, Александр Бублик және ұлттық құрама өкілдері жылдың алғашқы ірі додасы Аустралия ашық чемпионатында бақ сынайды.



2026 жылы тенниссүйер қауымды тағы үш «Үлкен дулыға» турнирі күтіп тұр. Бұл турнирлерде қазақстандық теннисшілердің әрбір ойыны ел жанкүйерлерінің жіті назарында болмақ.

Жалпы алғанда, осы жыл спорттағы тартысқа толы жыл болатыны анық. Жарыстардың нәтижесі тек жеңіс пен жеңіліс арқылы өлшенбей, спорттың қоғамдағы орнын, елдің халықаралық беделін айқындайтын маңызды көрсеткішке айналады. Жанкүйерлер үшін бұл жыл эмоцияға, үмітке толы маусым болып есте қалмақ. Ендеше, қазақ спортшыларының бағы жанатын бәйгелерден құр қалмай, футбол төңірегіндегі жаңалықтарды жіберіп алмаңыз!

«BEKZAT CUP»: БАТЫР АТЫНДАҒЫ БӘЙГЕ

Тура осыдан 21 жыл бұрын Сидней Олимпиадасының ринг төрінде жеңістің жарқын үлгісін көрсетіп, 57 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанып, ел мерейін үстем еткен Бекзат Саттархановтың жеңісін қазақ жұрты әлі күнге дейін ұмыта қойған жоқ. Небәрі 20 жасында жұлдыздай жарқырап, Олимп шыңын бағындырған ер Бекзат бүгінгі күні ел ортасында жоқ. Дегенмен артында қалған аға-інілері, бауырлары, жерлестері оның есімін өшірмей келеді. Соның бір дәлелі – Түркістан қаласында өткен батыр атындағы «Bekzat cup» шағын футбол бәйгесі.

Биыл үшінші мәрте жалауын желбіретіп жатқан республикалық турнир үш күнге созылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен ат басын тіреген командалар 4 топқа бөлініп, 6 500 000 теңге жүлдені сарапқа салды.

Жарыстың алғашқы және екінші күні аяқдопшылар «Olimpic Stadium» кешенінде топтық ойындарды өткізді. Ал үшінші күні жартылай және финалдық ойындар көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Дәстүрге айналған бәйгеде Қырғызстан мен Өзбекстан Республикасы, Ресей, Иран елі және бразилиялық аяқдопшылардың Түркістан төрінде өнер көрсетуі турнирдің деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Жартылай финалдық ойындар басталмас бұрын біріншіліктің ашылу салтанаты өтті. Алғашқы сөзді алған батырдың анасы Сырлықұл Саттарханова жарыстың өтуіне атсалысқан жандарға алғысын білдірді.

– Бекзат – елдің ұлы. Бекзатымның дүниеден өткеніне 21 жыл өтсе де, оның есімін естен шығармай ұлықтап жүрген достары, аға-інілері, бауырларына алғысым шексіз. Мықты болған спортшылар жеңіске жетсін, – деді.

Мұнан соң сөз алған турнир ұйымдастырушысы Бағдат Қалмырзаев: – «Bekzat cup» республикалық турнирі биыл үшінші мәрте өтіп жатыр. Турнир олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановты еске алуға арналған. Дәстүрге айналған бұл бәйгеде биыл еліміздің бірнеше өңірінен 16 команда бақ сынады. Сондай-ақ өзге қалалардан 5 кәсіби төреші шақырылған. Қазір жартылай финалға түркістандық «Marka.kz», «Top Car 13», «Artur» және Қызылорда қаласынан келген «Алтын Айдарлы» командалары шықты. Барлығы да кіл сен тұр мен атайын ойыншылардан жинақталған. Кешен лық толы көрермен. Бірнеше сағаттан соң осы жылдың мықтысы анықталатын болады. Сәттілік! – деді ол.

Ресми шарадан соң Сырлықұл Саттарханова мен әр өңірден келген қонақтарға ұйымдастырушылар тарапынан арнайы сыйлықтар табысталды.

Жарыстың соңғы күнін қарасы қалың көрермен асыға күтті. Алғашқы ойын «Marka.kz» пен «Алтын Айдарлы» командалары арасында өрбіді. Есеп тең аяқталып, барлығы пенальти сериясында шешілді. Осылайша асығы алшысынан түскен қызылордалық команда ақтық сынға жолдама жеңіп алды. Ал «Top Car 13» пен «Artur» арасындағы ойында 2-0 есебі тіркеліп, «Top Car 13» жігіттері финалға шықты.

Республикалық біріншіліктің қола жүлдесі «Artur» аяқдопшыларына бұйырса, финалда сүрінген «Алтын айдарлы» командасы күміс жүлдені қанағат қылды. Ал «Bekzat cup» турнирінің 2026 жылғы жеңімпаздары түркістандық «Top Car 13» командасы атанды.

Құрамы кәсіпқой футболшылармен жасақталған жігіттерге 3 миллион теңге, арнайы кубок пен медаль табысталды. Сол секілді II орынға 2 миллион, III орын 1 миллион және төртінші орын иегерлері 500 мың теңге иемденді. Сондай-ақ жеңімпаздарға 14-15 ақпан күндері Қызылорда қаласында өтетін жүлдесі 14 миллион теңге болатын Батыржан Шалғынбаев атындағы турнирге тегін жолдама берілді. Мұнан бөлек үздік ойыншыларға арнайы сый-сияпаттар үйлестірілді.

Айта кетейік, батыр атындағы бәйгенің алғашқы чемпиондары «Жолдың асты» командасы болса, 2025 жылы «Jom Mobile Fortuna» жігіттері жүлде иегері атанды.

Бетгі дайындаған Нұр БАҚЫТ



ҒЫЛЫМНЫҢ ҒАЖАЙЫП БЕС ЖАҢАЛЫҒЫ



Уақыт өз арнасымен жылжып барады. Ал сол уақыттың ең үлкен қозғаушы күші – ғылым. Ғылымда тоқтау жоқ, даму мен ізденіс үздіксіз жүріп отырады. Өткен 2025 жыл адамзат баласының ақыл-ойы мен ізденісінің тағы бір биігін көрсетіп, маңызды жаңалықтарымен есте қалды. Бұл жаңалықтардың кейбірі болашақта әлемнің бағытын өзгертіп, миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуы әбден мүмкін.

Нанодеңгейдегі интеллект: медицинаның жаңа тынысы

2025 жылы ғалымдар жасанды интеллекті бар, көлемі түз түйіріндей ғана болатын наночипті сәтті жасап шығарды. Оның басты ерекшелігі – оптикалық талшықтың ұшына тікелей орнатылуында.

Аталған жаңалықтың негізгі қолдану саласы – медицина. ЖИ орнатылған мұндай чиптердің көмегімен дәрігерлер адам ағзасының ішкі әлемін нақты

уақыт режимінде, бұрын-соңды болмаған айқындықта көре алады. Бұл жаңалық медициналық диагностиканы жаңа деңгейге көтеріп, күрделі ауруларды ерте анықтауға жол ашады.

Экологияға жасалған жанашыр қадам

Пластикке балама материал іздеу бүгінде аса өзекті мәселе. Британдық Колумбия университетінің ғалымдары бұл бағытта тың серпіліс жасай алды. Олар «Grasctic» деп аталатын биоядырайтын пленка ойлап тапты.

Бұл технологияның басты артықшылығы – шөп пен дәнді дақыл қалдықтарынан жасалады. Бұрын қоқысқа тасталып немесе өртеліп келген аграрлық қалдықтар енді табиғатқа зиянсыз, толықтай ыдырайтын берік материалға айналмақ. Нәтижесінде алынған полимер икемді және қасиеттері жағынан кәдіулігі пластиктен кем түспейді, бірақ толықтай табиғи жолмен жойылады. Бұл жаңалық экологияға түсетін салмақты айтарлықтай азайта алады дейді ғалымдар.

Безгекке қарсы бетбұрыс: ғылым үміт сыйлады

Ғасырлар бойы адамзатты әбiгерге салып келе жатқан безгек дертi әлi күнге дейiн миллиондаған адамның өмiрiне қауiп төндiрiп отыр. Медицина қаншалықты дамыса да, әлi де әлемнiң кейбiр елдерiнде безгек ең қауiптi әрi өлiм-жiтiмi жоғары аурулардың бiрi екенi жасырын емес. Оның үстiне ауру қоздырғышы мутацияға ұшырап, дәрi-дәрмектерге де төзiмдi бола бастады.

Алайда 2025 жылы бұл дертке қарсы күресте тың жаңалық тiркелдi. Ғалымдар адам ағзасынан безгектiң ең ауыр түрiн тудыратын паразитке қарсы әсер ететiн жаңа типтегi антиденелердi анықтады. Бұл жаңалық болашақта бiрреттiк вакцина жасауға негiз болып, әсiресе тропикалық аймақтардағы миллиондаған адамның өмiрiн сақтап қалуы мүмкiн.

Жасанды интеллект адамға жақындай түсті

Жасанды интеллект саласының даму қарқыны күн санап үдеп келеді. Технология дамыған сайын адам мен машина арасындағы шекара да біртіндеп жойылып жатқандай. Былтыр «ChatGPT-4.5» жасанды интеллект жүйесі тілдесу мәдениетінде жаңа белеске шықты. Оның тілдік моделі жазатын мәтіндер адам қолымен жазылған дүниеден айнымайтын деңгейге жетті.

Бұрын жасанды интеллект мәтіндерінен жасандылық пен механикалық стиль аңғарылып тұрса, қазір «ChatGPT-4.5» контексті, эмоцияны, мағыналық астарды терең түсініп, табиғи тілде ой түйіндей алады. Бұл – жасанды интеллектінің тек құрал емес, интеллектуал серікке айнала бастағанының белгісі.

Эпилепсияға қарсы үміт шырағы

Фокальды эпилепсия – тағдырдың ауыр сынағы. Дәрі-дәрмекке көнбейтін бұл дертке шалдыққан жандар үшін жалғыз амал – қауіпті хирургиялық операция болатын.

Дегенмен 2025 жылы Лондон университетінің ғалымдары терапия арқылы ми қызметін тұрақтандырудың тың әдісін ұсынды. Олар LGI1 генін ми қызметі бұзылған аймақтарға тікелей жеткізетін гендік терапия әдісін ойлап тапты. Аталған тәсіл нейрондардың тұрақты жұмысын қалпына келтіруге көмектесіп, аурудың түпкі себебін жоюға жол ашуы мүмкін. Бұл – медицинадағы шынайы төңкеріске бастар жол.

Өткен жыл ғылымның адамзатқа тек прогресс емес, үміт пен сенім сыйлай алатынын дәлелдеді. Бұл жаңалықтар – ертенгі күннің елесі емес, бүгіннен басталған болашақ.

А.ОРАЛБАЙ



Сурет «GEMINI» арқылы жасалған

«Бақыт деген сонымен не болды?» деп мен біраз ойландым. Бұған себеп «Ертегісіз өткен балалық» шығармасы. Иә, бәлкім, сіз балалықтың дәмі дегенде тіл үйіер тәттіні, бауырларыңмен істеген бұзықтық пен анаң асқа шақырған шуақты сәтті елестетесіз. Біздің кейіпкерлерімізде де дәл солай. Бірақ олардың оқиғасы өзгеше.

БАР БАҚЫТЫМ АНАМНЫҢ ДАУЫСЫ ЕКЕН...

Балалар үйі. Бұл сөздің өзінде қаншама зіл, қаншама мұң жатыр десеңізші. Ата-ананың ыстық құшағынан, мейірімінен еріксіз айрылған бүлдіршіндер мекені. Осы суық түсті қабырғалар арасындағы жалғыз жұбаныш – ананың нәзік дауысы жазылған ескі таспа еді. Оқиға дәл осы дүниелердің ұштасуымен басталады. Ойлаңызшы, кішкентайыңнан бағып-қағып өсірген аяулы ананың соңғы демінен кейін бауырларыңмен бірге балалар үйіне баруға тура келді. Ешкім енді сені «құлыным» деп еркелетпейді. Сол дауысты естігенде кішкентай жүректер лүп-лүп етіп кеуделеріне сыймай кетеді. Бірақ мұнда да өмір қалпы бақытқа толы болмайды. Бұл жерде катігез тәрбиешілер, ата-ана жылуын көре алмаған, махаббаттың не екенін білмейтін, аузынан бірінші болып азу тісі шығып тұратын бұзықтар бар. «Бар бақытым ананың дауысы еді» деп жүргенде бүлдіршіндер жалғыз ғана таспадан, балалықтың ең қымбат естелігінен айырылады. Сондағы ананың қоңыр дауысын сағына, бүлдіршіндердің жаны шырырап қала берген еді.

Балаларда ерлік, мықтылық туралы

ұғым қалыптаспағанда, өз «мықтылығын» әлсізге күш көрсету арқылы дәлелдейді.

Бұзық балалар үшін әлсізді басыну ерлік. Бірақ дәл осы қиындықтар кейіпкерімізді ерте есейтті. Ол енді жай ғана бала емес, ол – қарындастарының қорғанышы. Демек, жылауға да, жасуға да хақы жоқ. Олардан бөлек кетіп, бақытты болуға да мұршасы келмес. Мойнына артылған жауапкершілік қолын байлап қойғандай...

Осы қиындықтарға қараспастан, кейіпкерлеріміз кішкентай ғана қуаныштан бақытты құрауды үйренді. Есіңізде ме? Мектепте мейрам сайын сыныппен шәй ішіп, үйімізден тәттілер әкелуші едік. Міне, осы бір балалықты қалау кейіпкерлерді әртүрлі бұзықтық жасауға апарды. Сондағысы жай ғана кәмпитке тойып, өзініе мейрам қылу. Қарап тұрсақ, өте қарапайым дүние. Қазір тәттіні кім жемей жатыр? Бірақ балалықтың дәмі осымен-ақ қызық.

Кітапта әрбіріміздің басымыздан өтетін оқиғалар бар. Үлкен ойды кішкентай ғана іспен сипаттаған автордың таңбасы көзге ерекше басылады. Бірде балалардың заты

жоғалады. Кім екен деп жүргенде жала үнсіз жүрген бүлдіршінге тағылады. Ол болса өкпесін баса алмай, ормандағы ағашқа бар мұнын айтады. Алыс кетіп несі бар? «Жақын маңда шөп-шебеп көп епес пе?» деп отырғанымда балақай ата-анасының ұрысынан кейін бар өкпесін дәл осы ағашқа ақтаратынын, досы атанған тал ерекше қолдау беретінін айтады. «Ұры сонымен кім болды?» десеңіз, ол жаңағы жаланы жауып отырған баланың өзі екен. Қалай, иә? Адам өзгеден кім іздеймін деп өзінің қатесін байқамайды.

Кітаптан үйренерім көп болды. Өмірдің ағы мен қарасы қатар жүретіні, бумерангтің басқа келері де кітаптың соңында балалардың есейген шағымен байланысты. Өмірдегі ащыны көрмесек, тәттіні білер ме едік? Бәлкім, бұл балалар болашақта нағыз мейірімнің, шынайы қамқорлықтың қадірін өзгелерден артық түсінетін болар. Кітаптың қызық тұстарын оқырман қызығына қалдырдым.Оқимын десеңіз, мархабат!

Мерей ШӘКРАТ



ЕГЕР ЖӘНДІКТЕР ЖОҒАЛСА...

Егер бір күні жер бетінен барлық жәндік ғайып болса не болар еді? Адамзат бұл өзгерісті бірден аңғармауы мүмкін. Қала көшелері тынышталып, масса шақпай, шыбын ызыңы естілмей қалар еді. Алайда бұл дауылдың алдындағы тыныштық секілді. Өйткені жәндіктер – табиғатта аса қатты көрінбесе де, маңызды рөл атқаратын тіршілік иелері.

Ғалымдардың дерегінше, жер бетіндегі гүлді өсімдіктердің шамамен 70%-ы жәндіктер арқылы тозаңданады. Ара мен көбелек жоғалса, алма, шие, өрік, қауын, асқабақ секілді өнімдер сирей бастайды. Тіпті таңертеңгі кофеміз бен сүйікті шоколадымыз да қолжетпес дәмге айналар еді. Бір қарағанда ұсақ жәндіктер адамзат асханасының тең жартысын қамтамасыз етіп отыр екен, ә!? Жәндіктер азық-түлік тізбегінің де маңызды бөлігі. Құстардың басым бөлігі жәндікпен қоректенеді. Егер олар жоғалса, құстар азайып, тіпті жыртқыш аңдар да жойыла бастайды. Табиғаттағы бір буын үзілсе, бүкіл жүйе шайқалатынын осыдан-ақ байқауымызға болады.

Қызық дерекпен бөлісек, құмырсқалар топырақты қосытып, оны құнарландырады. Бір гектар жердегі құмырсқалар бір жылда бірнеше тонна топырақты аударып шығады екен. Ал қоныздар мен дернәсілдер шіріген

өсімдіктер мен өлекселерді ыдыратып, табиғатты «тазалаушы» қызметін атқарады. Егер олар болмаса, жердің беті баяғыда-ақ шірінді мен қалдыққа толып кетер еді. Жәндіктер медицина мен ғылым үшін де аса құнды. Шағып алады деп қорқып жүрген араныңзын уы кейбір ауруларды емдеуде қолданылады, ал жаздай мазаны алатын шыбын дернәсілдері хирургияда жараны тазалау үшін пайдаланылады. Бұл – жәндіктердің адам өміріне тікелей пайдасының бір ғана мысалы. Жәндіктердің жоғалуы адамзат экономикасына да ауыр соққы болар еді. Ауыл шаруашылығы химиялық тыңайтқыш пен жасанды тозаңдандыруға тәуелді болып, өнімнің өзіндік құны бірнеше есе өседі. Қазір Қытайдың кейбір аймақтарында адамдар алма ағаштарын қолмен тозаңдандырып жүр. Бұл – жәндіктер азайған кезде адамды қандай болашақ күтіп тұрғанының нақты көрінісі. Табиғаттың тегін атқарып келген

қызметін техникамен алмастыру қымбат әрі тиімсіз. Сонымен қатар жәндіктер климат тепе-теңдігін сақтауға да үлес қосады. Олар өсімдіктердің көбеюіне ықпал етіп, ормандардың жаңаруына жағдай жасайды. Ал орман – көмірқышқыл газын сіңіретін басты табиғи сүзгі. Демек жәндіктердің азаюы климаттың жылынуын да жеделдетуі мүмкін. Бұл байланыс көзге көрінбегенімен, табиғатта бәрі бір-бірімен тығыз сабақтас. Осылайша ұсақ тіршілік иелерінің тағдыры үлкен өркениеттің болашағымен тікелей байланысты екені айқындала түседі. Егер жәндіктер жоғалса, табиғат қана емес, адамзат өркениеті де үлкен сынаққа тап болар еді. Сондықтан оларды жою емес, қорғау – болашаққа жасалған ең ақылды қадам. Табиғаттағы ең кішкентай тіршілік иесінің өзі үлкен өмірді сақтап тұрғанын ұмытпайық!

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ Таралымы: 5110 Тапсырыс: 102